

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

8/2019

ТАМЫЗ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Г.Т. ЖҮСПОВА. Құрметті ұстаздар, оқырман қауым!.....	3
С. МӘДИЕВ. ...Мені сонда өлеңімнен іздегін.....	5

Тарих тағылымы

Ф. ОРАЗБАЕВА. Алаш арыстарының аманаты – тіл.....	26
---	----

Дін дариясында

Л.Е. БАЗАРОВА. Физическое движения намаза как поддержка здоровья человека	
С.В. ПЛИСС. и профилактика заболеваний.....	34

Сауаттылық сыры

Д. Б.ЖҮНІСОВ. Қазақ тілі сабағында мәтін талдауда жіберілетін	
Е. К. ЕДРИСОВ. қателіктерді зерттеу жолдары.....	49

Көкейкесті көзқарас

Ж. М. АЛДАБЕРГЕНОВА. Жаңа оқулыққа жаңаша көзқарас	55
--	----

Оқулыққа қосымша

Б. Т. МУРЫНБАЕВА. Мұхтар Әуезовтің “Қараш-қараш оқиғасы” хикаятын басқа шығармаларымен салыстырып оқыту және әдеби теориялық ұғымдарды үйрету.....	60
--	----

Абайтану

К.С. МУХИТОВА. Абай – дана, Абай – дара казакта	75
---	----

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Б.М. БАЙГАЛИЕВА. Бейімбет Майлиннің “Шұғаның белгісі” хикаяты.....	82
А.Қ. ҚАПАНОВА. Ж. Жабаевтың “Сұраншы бағыр” дастаны	91
Қ. С. СҰЛТАНМАХМУДОВА. Шалкиіз жырау “Би Темірге бірінші толғауы”.....	96
Г.МИНАП. Ә.Нұрпейісов “Қан мен тер”	100
А.Ж. КАЙРЛИЕВА. Ыбырайдың “Әке мен бала”, “Шеше мен бала” әңгімелері.....	116

Білім бастауы – Бастауыш

А.МУКАТОВА. Жазғы демалыс – ең ұзақ мереке.....	122
---	-----

Сабақтан тыс шара

А.Н. АБДУЛЛИНА. Ауылым – алтын бесігім.....	131
---	-----

Кітапхана тынысы

А.Ж. ЖҰМАБАЕВА. Жаңа Президент жариялаған 10 міндет.....	140
Л. БУЛТЕКОВА. Ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек.....	142

Құрметті ұстаздар, оқырман қауым!

Зырылдап өтіп жатқан уақыт... Күнделікті күйбең тіршілікпен жүріп, өмірдің мәңгілік емес екенін, Алланың бар пендесіне бұл жалғанда өлшеулі ғана уақыт бергеніне куә болып жүреміз... Сонысымен де бұл өмірдің қымбат екенін де, оған кірпіш болып қаланып, ыңғайы келсе, келер ұрпаққа үлгі болар мәнді де мағыналы өмір сүріп қалу керек екенін де білеміз, әрине!

*“Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?!” – демекші, халқымыздың небір асыл азаматтары өздері өмірден өтсе де, олардың есімдері, халқы үшін жасаған жақсы істері бәрімізге белгілі. Соның бірі – ұстаздар қауымына өте жақсы таныс журналист, ақын, «Ұлағат», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде» деген үш журналдың Бас редакторы Зернебек Шілдебайұлы. Мектеп мұғалімдері үшін, олардың күнделікті жасап жатқан абыройлы еңбектерінің еленіп, “Ұстаз” мамандығының өз биік дәрежесінен түспеуі үшін талай табалдырықты тоздырғаны, тіліміздің күнделікті өмірде жағдайын көріп,*

Орыс тілін меңгеру –


Бүгінгі күн талабы.

Өз тіліңді кем көру –

Басқа тебу Ананы, – деген асқақ үні ұмытылмақ емес.

Ағай әлі де арамызда болғанда, осы жылдың

тамызында 70 жасын тойлайды екен... Алланың бұйрығына не шара?!



Бүкіл өмірінің мәні болған ағайдың дастандары мен өлеңдері жинастырылып, “Кеудемдегі кептерім”, “Ұлылар ұлағаты”, “Өлеңдері өмірінің айнасы еді” деген атпен кітап етіп шығарылды.

Өлеңдерін оқып отырып, жыр жолдарынан ағайдың бүкіл болмысын, тұғыры биік адамгершілік тұлғасын,



қ а р а п а й ы м ,
адалдықты ту
еткен жүрек
дүрсілін, туған
жерге, Отанға,
тілге деген рухы
биік патриоттық сезімін аңғару
қиын емес. Шығармашылығынан Ана
тілінің қадір-қасиетін оның ұлттық
рухына, қазына байлығына балап,
келер ұрпаққа тәрбиелік жолмен
аманат еткен үнін естуге болады.

Г.Т. ЖҮСІПОВА,
“Қазақ тілі мен әдебиеті”
редакциясының редакторы.

С. МӘДИЕВ,
Филология ғылымының кандидаты,
ҚР Журналистер
одағының мүшесі,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институты директорының орынбасары.

...МЕНИ СОНДА ӨЛЕҢІМНЕН ІЗДЕГІН...

Ақын – өзі өмір сүрген дәуірінің үні. Қай заманда да шын ақын қоғамдағы келеңсіздіктерге қарсы тұрып, жырымен күрес ашқан, әділдіктің ақ жолында бастарын бәйгеге тіккен. Жүректен буырқанып шыққан жырымен еліне ем іздеген. Қазақта елдің жеткізе алмаған ортақ мұң-зарын ақыны, жыршысы жеткізген. Сондықтан да қалың жұртшылық ондай адамды қастерлеп «ақын» атаған, қадірлеген. Ал шын ақын халықтың жоғын жоқтаған, шындық іздеген. Басын тауға да, тасқа да ұрған. Осы жолда бар ауыртпалықты өз мойнына артып, жан-тәнімен беріле жырлаған ақындар елдің қайғы-мұңын өз бойынан өткізеді. Сөйтіп жүріп, іш құса болып, жүрегіне күш түсіретіндері, денсаулығына зиян келтіретіндері, өмірден ерте өтетіндері де бар. Соның бірі біздің Зекең – ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ұлағат», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде» деген үш журналдың Бас редакторы Зернебек Шілдебайұлы.

Жалпы ақындық өнер – қолдан жасалатын дүние емес. Ол – құдайдың сыйы. Оны тек сол дертке шалдыққандар ғана түсіне алады. Бұл дертке жастайынан Зернебек ақын да шалдыққанға ұқсайды. Ол **"Шабым"** деген бір өлеңінде былай дейді:

Кернеп кейде бойымды, сезім күші билейді.

Шашыраңқы ойымды, ақ қағазға сүйрейді.

Тұр-түсін де, мекенін, көре алмайсың
жақыннан.
Шабыттың не екенін, сұрау керек

ақыннан. **(Кеудемдегі кептерім – 95 бет)**

Міне, бұл – ақындар ғана ұғатын, ақындар ғана тылсымын тыңдай алатын ұлы күш. Ақын аурумен ауырған жандар түнімен дөңбекшіп, көз ілмейтіні де рас. Өйткені, халқының қасіреті мен мұңы олар түсірген ауыр ойлар мен ертеңгі өмір жанға маза бермесе керек. Мұны Зернебек ақын да жырлап өткен:

Қалтыраған далада мен де шимін,
Болашақты ойласам күнде өксимін.
Жас ұрпақтың тағдыры алаңдатып,
Ұйықтай алмай түнімен дөңбекшимін.

(Кеудемдегі кептерім – 115 бет.)

Зернебек Шілдебайұлының өлеңдері – том-том болмаса да, шағын бір-екі кітаптың көлеміне сиятын дүниелер. Бірақ тақырыптары әртүрлі, мазмұны басқа-басқа. Кей өлеңдерінде ұйқас селкеуліктері кездескенімен, іші қуатты, қызуы мол шығармалар. Ірілі-ұсақты жазушы ақындар шамасы жеткенше еңбек етіп, әдебиетімізге шамасы келгенше үлесін қосып отырады. Сол секілді Зекең шығармашылығы да телегей-теңіз, қазақ поэзиясына қосылған бір тамшы су іспетті. Мұхит суының да дәмін бір тамшы суы арқылы айыруға болады емес пе?! Ендеше, сол үлкен айдыңға қосылған оның шығармаларының құнарлы тұстарына көңіл аударып өтсек...

Ол – өлеңге өмірін босқа арнамаған жан. Барынша еңбек етіп, өз қолтаңбасын қалдыруға тырысты. Поэзияны жанындай сүйді. Ол өлеңмен сырласып, қайғырған кезде мұңын шақты. Ешкімге айта алмаған

сырларын өлеңге айтып, шерін тарқатты. Ақын жаны қашан да нәзік, ол адамдар ұға алмаған тылсым дүниені өз пайымында басқаша ұғады. Өзгелер түсінбегенді өлеңімен түсіндіруге тырысты, ар алдындағы әділетті қазы-өлең музасына жүгінді. Әділдік таппай қатуланған дұшпанына да қаруы сөз екенін ұқты...

Алу үшін кегімді,

Қару жырға сүйендім.

Аттым оқ қып сөзімді,

Жауар бұлттай түнердім – **(Кеудемдегі кептерім - 73 бет)** деп қаһарланды.

Ал кейде пәк жүректегі үнді кейінгі ұрпағына сол қалпында бұзбай жеткізетін өлеңдері ғана екенін ұғып, соған ғана құпиясын ашты. Баптаған бәйге атындай теңеуден өмілдірік салды, шабытынан үкі тақты, айтуір ертелі-кеш жарысқа шығар алдындағы делебесі қозған шабандоздай жыр-тұлпарын айналышықтаумен болды. Міне, мұндай құбылыс Мұқағали, Жұмекен, Қасым, Төлеген сияқты қазақтың ірі ақындарының да бастарында болған. Зернебек ақынның:

Саған бүгін сырым көп ақтаратын,

Әркім қосқан атымен мақтанатын...

немесе

Арғымақ жырым, шіркін-ай, оқ бойы озып,

Бәйгеден келсе, армансыз өтер едім! –

(Кеудемдегі кептерім – 92 бет.)

деп жырымен сырласып, оны тірі организм ретінде көруі, сөзіміздің айғағы. Ол оны жанды дүние санаумен қатар, оған өз аманаты мен жүректегі асыл мұраттарын да тапсырады.

Өмір қайта оралмас, түсінікті,

Ертеңге алаң ақынның іші күпті.

Мен де өтермін, бірақ та артқыларға
Мұра етіп қалдырам кісілікті, – дейді ақын.
(Кеудемдегі кептерім – 29 бет.)

Иә, ол өзінің аз ғұмырында адамдық пен кісілікті ту етіп өткен жан. Өзгеге ғана емес өзіне де үлкен талап биігінен назар салды. Қасиетті сөз өнеріне, тілге, жалпы өнер атаулыға үлкен құрметпен қарап, жанашыры болды. Өнерге жасалған қиянат пен қатыгездікті көргенде, денесін бір нәрсе сызып кеткендей дыз ете қалатын. Ал өзіне деген талапшылдығын мына өлеңнен-ақ аңғарыңыз:

Соқса боран, тайсақтап, ығын ықтай,
Жүргенім жоқ өмірдің сырын ұқпай.
Бәріне өзі жауапты сезінеді,
Менің мынау жүрегім жұдырықтай!

(Кеудемдегі кептерім – 26 бет.)

Ақынның халықшылдығы – осында. Елдегі ахуалға да, өлеңге де, бәріне де қазақтың адал перзенті ретінде өзін жауапты санайды. Өзін кінәлайды. Халқын шын пейілімен сүйген, “сенің табаныңа кірген шөбің менің маңдайыма қадалсын!” – деген принципті жанның сөзі осылай болса керек.

Зернебек ақынның халыққа біртабан жақын, өз мүддесінен гөрі жұрт мүддесін жоғары қоятынын, ел үшін қамығатынын мына бір өлеңінен де көруге болады. Ол өзінің **“Қоғамға сыймай барамын”** **(Кеудемдегі кептерім – 46 бет.)** деген өлеңінде

Қоғамға сыймай барамын,
Маңдайда сорым бес елі.
Сала алмай жөнге адамын,
Кемірді миді кеселі, – дейді.

Ол ұлы Абай секілді уайымға түседі, қамығады, қайғы арқалайды. Тіпті, кей кездерде өмірден шайыр

ақындардай түңіледі. **“Шаңқай түсте адастым”**
деген өлеңінде:

*Жібермейді жан-жағым
Ішкі есебі өзінде.
Тұншыққандай арманым,
От сөнгендей көзімде.*

*Жүрмей қойды жұмысым,
Кесірінен талайдың.
Сырт айналды туысым,
Кебін кидім Абайдың, – дейді. (42-бет.)*

Ол – сен осындай бол, әйт, бұйт деген ақыл, насихатты айтпаса да, өлеңдегі емеурінімен үлкен ой тастаған ақындардың бірі. Өзін де, өлеңін де биік талғам жотасына қарай сүйрелеумен жүрді. Көп өлеңдерінің астарынан талапшылдықты, өлеңге деген құрметін анық аңғаруға болады.

*Күнделікті тірліктің
Күйбеңінен босамай,
Өмір өтіп келеді
– Деп еді бір дос ағай.*

*Мен де солай күнелтіп,
Түк бітірмей келем бе?
Осы бір ой мазамды ап,
Тіл қатамын өлеңге, –*

деп **(Жеудемдегі кептерім – 93 бет)**, қаламын қамшылай түседі Зернебек ақын.

Қай ақын да өзі қоршаған ортадан, табиғаттан алыс кеткен емес. Өйткені оның жаны нәзік, сезімі сергек. Елжіреген табиғатты тек қана ақын көзі шалады. Ақын соған балаша қуанады, сонымен бірге жылайды, сонымен бірге күледі. Біз көбіне мұндай ақындарды лирик ақын деп жүрміз. Бұл сөзіміз сәл

артықтау ма қалай? Өйткені лирикалық ойды тасты да, тас төселген қаланы да жырлай отырып жеткізуге болады. Бірақ табиғи тылсым көз алдыңдағы суретті сол күйінде беру және сол арқылы ой тастау шын ақындық қасиеті бойына дарыған жанның қолынан келері хақ. Дүлдүл, ақиық ақын Жұмекен Нәжімеденов: «Лирика, лирик дегенде біраз жұрт махаббатты, табиғатты не бір әдемілікті тамылжыта жырлайтын жыршы деп түсінетін тәрізді. Бұл қате түсінік... Мәселе, – көңілдің күйінде... көңілді авторлық позициямен шатыстыруға болмайды», – деген екен К.Ахметованың **«Бұлақтағы жұлдыздар» атты жинағына** жазған сыни мақаласында. (Ж.Нәжімеденов 7 том. 59-бет. Алматы, «Қазығұрт» баспасы 2012 ж.)

Адамзат адамзат болғалы ғажайып табиғаттың ажырамас бір бөлішегі болып келе жатқаны рас. Оның тауы мен тасына қызығумен қатар, адам сол табиғаттың тал бесігінде тербеліп өсіп, бұл жарық дүниені тастап кете барады. Ал жыл сайын келетін жыл мезгілдері адамның көңіл күйі сияқты алмасып отыратынын бәріміз білеміз. Кейде сол жыл мезгілімен қосылып, адам баласы да ержетеді, есейеді, қыстай кәрілігі келеді, көктемдей жаңа ұрпағы дүние есігін ашады. Сөйтіп, алмасып жатқан жыл мезгілдері адамдарды да үлкен ойға шомдырады. Осы ойды әрқайсысы өзінше жеткізгісі келеді. Ал ақын болса оны ақындық көзбен қарайды. Жыл мезгіліне байланысты Абайдан бастап, қалам тартпаған ақын кемде-кем. Міне, бұл тақырыпта Зернебек ақын да өзін сынап көрген жан. Оның **«Көктем күйлері», «Жаз шыққанда», «Күз боларда», «Қыс түскенде»** деген сияқты бірнеше өлеңдері бар.

*Көктем, көктем, көктемі жас шағымның,
Жатсың ба ойнап құмында тас шағылдың?!
Өзің баста өзгеге ұқсамайтын,
Толқын жырын жанымның, басқа
ағынның!—*

деп шалқыса, енді бір жерінде:

*Қайсар қысты сәбидей өкпелетіп,
Келді көктем төбесі көкке жетіп.
Жіберсе зой, шіркін-ай, бар ызғарын
Өмірдің көктемі етіп!*

(Кеудемдегі кептерім – 30-31 бет.)

Ақын қыстың өзін жылы жүрегімен жылытып, қыс секілді өмірдің бар ызғарын да көңілінің көктемі қылып құлпыртып жібереді. Бұл жерде өлең шумағының соңғы жолының келте қайырылып, басқа арнаға кілт бұрылып кетуі де тегін болмаса керек. Өйткені ол – ақын көңілі, ақын табиғаты. Мұндай көңілдегі ақын шалқуын Зернебек шығармасының өн бойынан көруге болады. Ол үнемі жамандықты ойламайды, күнгейлі көлеңкесінен гәрі жарық шуақты жағына қарай жайып кептіріп, аппақ пейілімен барып, қоңсы қонады. Өмірде де өзі солай жүруші еді. Адамға тіл тигізбеу, сырттан гайбат сөз айтпау, оның өмірлік негізгі ұстанымы болатын. Көбіне Зекең адамды кешірімшіл болуға, үнемі кінәны өзіңнен гана іздеуге кеңес беретін. Теректің көлеңкесінде тұрып, бұтасын сындырып тұратын жандарды көргенде, ызасы келетін. Орынсыз Жер-Анаға қиянат әкелмеу, оның өзен-көлін, тау-терегін, табиғат байлығын қорғап жүру – жүректегі сөзі гана емес, қанына сіңген қасиеті-тұғын. Ол тіпті Жер-Ананың кеудесіне салмақ түсіріп, қара жерді абайламай басудың өзін пенде үшін артық санайды.

*Төзімді зат десең де,
Темірің де майысар,
Көтеріп тұр десең де,
Қара жер де қайысар.*

*Сондықтан да адамдар
Салмағыңды түсірме
Ғашық көзбен қараңдар
Өмір сүру үшін де! (19 бет.)*

Міне, жаратушының бұл фәниде адамзатқа берген керемет әдемі сыйы табиғат байлығына шынайы көзбен үңілуді адамдар жүрегіне бұдан әрі қалай жеткізуге болады? Мұндай жолдарды оқығаннан кейін қай адамның да жүрегінің дір етері сөзсіз. Жалпы ұраншыл, құр идеологияға негізделген өлеңдерден көп ештеңе күтуге болмайды. Оның оқырманға да, қоғамға да тигізер пайдасы шамалы. Ал ақынның шын жүрегінен шыққан сөздің қалың оқырманның көкейіне қонары сөзсіз. "Қуатты ойдан бас құрап, еркелетіп шығар сөз" – дейді Абай. Шынында да, ақын білімді, сауатты, көп оқыған болса ғана оның ойы отты, тілі нәрлі жазылған өлеңі де үлбіреп, күлтеленіп көрінеді.

Талайдың тағдыры талқыға түскен небір зұлмат замандарды жер бетіндегі халықтар басынан өткеріп жатады. Соғыс, дүрбелең, тағы да басқа апаттарда әділетсіздіктер салтанат құрады. Әлбетте, ауыр жағдай, ауыр хал. Бірақ бәрі өткінші. Жаман күндер өтеді. Ең бастысы, бәрінен де ауыры осы тағдырды тәлкек қылушы адамдардың ертеңгі келер ұрпақ алдындағы істеген істері мен ары қалады жер бетінде. Адам адам болғалы осы ар алдындағы жауапкершілікті сезіне алмай келеді. Мұндай күрмеулі сұрақтарға шайырлар да жауап іздеген. Шындық пен ар алдында

отқа түседі, күйеді, қорланады. Өзін жегі құрттай іштей мүжиді. Өйткені оны ол өзі істемесе де, арсыздың істеген ісі оған тыныштық бермейді. Сондай ары алдындағы жсауапты өлеңдерінің бірі – **«Жанымды жеген дерт немесе Қайрат Рысқұлбекұлына» деген өлеңі. (Кеудемдегі кептерім – 63 бет.)** Бұл туралы Зернебек ақын шығармашылығына шолу жасаған қазақтың белгілі ақындары К. Ахметова мен Қ. Асанов жақсы байқап, құнды пікір айтқан болатын. Осы шолуларында сөз қадірін білетін қос ақын ақын поэзиясымен таныс екендіктерін айта келіп, былай түйіндейді: «Көз алдыңызға сөзбен салынған сұлу сурет келе қалып, көңіліңізді өзіне магниттей еріксіз тартып әкетеді. Тағы да салыстыра теңеу тәсілін шебер пайдалана білген ақын жүрегі Сізді ғажайып дүние ішіне енгізіп жібереді. Одан қайта шыққыңыз келмейді. Бақыт құшағында тербеліп тұрғандай керемет күй кешесіз.»

Кешегі Кеңес дәуірі келмеске кетіп, жаңа нарық дәуіріне қадам басқан сонау тоқсаныншы жылдары алаяқтар қуанып, адамдығын сақтағандар адаса бастады. Қиын сәт қашанда шындықтың бетін ашады. Сол кезде атқа мініп, ел басқарып жүрген біраздың арты ашылып, табанының бүрі жоқ, ар-ұяттан ада екендіктерін көрсетті. Көсемдері көсеуге, суайттары шешенге айналды. Ал алаяқтардың қатыгездіктерінен жан түршігіп жатты.

Қанішер біткен құтырды,

Бөктіріп қанға отбасын.

Парамен одан құтылды,

Қалайша қылмыс тоқтасын?!– **десе, осы**

өлеңнің бір жерінде:

Темірді тепсе үзетін,
Жігіттер шұлық сатып жүр.
Ұятпен таптап ізетін,
Қыздарды құдай атып жүр, – дейді.

Бұл – Кеңестік дәуір құрылымынан босап, демократиялық елге айналмақшы болған Қазақстанның «**Өтпелі кезең шындығы**» («**Кеудемдегі кептерім**», 40-41 бет) еді. Қоғам дертін ақын-жазушы айтпағанда, кім айтады?! Бірақ айта алатын ақын да бар, айта алмай жәй жортаққа салып, суыртпақтайтындары да бар. Зернебек ақын болса, «мәселені төтесінен» қояды:

Қазағым, қиын заман бұл,
Белгісіз әлі бағыты,
Наданға бүгін адам құл

Мойынды қажап қамыты, – деп ұзаққа созылар бүгінгі ахуалды сол кезде-ақ жазып тастайды. Ол бүгінгі шындықты өтірікпен бүркемелемей, халықтың зарын ашық айтуға, ақылды болуға шақырды. Елдің азбауын қазірден ойлау қажеттігін айтып шырылдайды. Ұры-қарыдан сақтандырады:

Біз қазір мәзбіз тойғанға,
Әуреміз “әулет мұңымен”.

Қасқырдай ұлып, орманға

Жолдаспыз нағыз ұрымен, – дейді ел тізгінін ұстап отырғандарды мезген, олардан абай болу керектігін ескертеді. Ол қазақ халқының намысының өшіп, жігерінің жасып, дүбәра ұлтқа айналып бара жатқанына қынжылыс білдіреді. Жүрегімен сезіп, көзімен көріп отырған дүниелерін өлеңге өреді:

Намыссыз “шала” қазақтар
Ұстады билік тұтқасын.

*Жаныңды сенің азаптар,
“Қайғыңды” сезем ұқпасын.*

*Ұлттық халықтық дәстүр, мінезге сугарылмаған
білім-ғылым ұлтына қызмет етіп жарытпайды.
Еш жерде оқымаған, дала академиясын далада мал
бағып жүріп бітірген, қазақтың ғұлама қариялары
бар. Осынау сахараның иесі де, киесі де солар болды,
болып та келеді. Солар арқылы, ұлт пен халықтың
мүддесі қорғалып қалды. Ал қазір ше, оқыды-тоқыды
деген, мұхит асып бірнеше мемлекетте білім алып,
ақшасын судай шашып келген қазақ балалары ұлттық
намысты таптап, ел төбесіндегі билікте қаптап
жүр. Он тілді білген оқымысты орақ тісі омырылған
сол кездегі надан шалдың жасағанындай еліне қайрат
жасап жүрген жоқ. Ойлайтындары – қарақан басы.
Өзінен жоғарыға құл болып, құйрығын бұлғаңдатқан
түлкідей күн кешіп, өмір сүруде.*

*Намысты жанышып табанға,
Құл етіп байға ұятты.
Күнелткен әрең қалаң да
Салдақы қатын сияқты.*

*Билігі барлар алдайды,
Құйрығын бұлғап түлкідей.
Аларда – жанын жалдайды,
Берерде – тиер түрпідей.*

(Кеудемдегі кептерім – 47 бет.)

*«Өтпелі кезең шындығы» (40 бет), «Шаңқай түсте
адастым» (42 бет), «Жанайқай» (44 бет), «Өзімізден
қорқамын» (45 бет), «Қоғамға сыймай барамын» (46
бет), «Енді, міне, бесік түзер кез келді» сияқты тағы
да басқа бір топ өлеңдері бар. Бұл өлеңдері арқылы
ақынның қоғамға деген көзқарасымен қатар,*

азаматтық бейнесін де көруге болады. Зекең бойы тапал болғанымен, кеудесі зор, шорт кесетін батыр мінезді азамат болатын. Бір беткей, қайсар мінезі кейде өзіне де бас бергізбейтін, айтқанынан қайтпай тұрып алатын. Әрине, шындық дүниеге ғана... Ақындығына қоса, Махамбет бабасы секілді азаматтық рухы да жоғары, өр еді.

Зернебек ақынның кейбір өлеңдері бұрынғы жыршы, жыраулар шығармаларындай эпосқа тән мінез-қаракетімен көзге түседі. Өйткені ол жас кезінен қазақтың шалқар көліндей тұнық та нәрлі ауыз әдебиетінен қанып сусындап, ержеткен бозбала. Батырлар жырын, жыраулардың өсиет-шығармаларын жатқа соғатын. Сондықтан да болар оның кейбір арнауларында ежелгі шайырлар өлеңдерінің ықпалы анық байқалады. Әлбетте, татымы жоқ, қиялдан шығарып, аспанға шарықтатып алып, жерге түсіре алмай қоятын абстрактілі ойлар болады. Зернебек ақындікі ондай емес, керісінше, тарих қатпарларында, қалтарыстарында қалған халық мұраларын кейінгі шындықтың қара топырағына қайта отырғызып, қопсытып, қайта көктеткен дүниелер. Сондықтан да ол тартымды. Мәселен, сонау ғасыр қойнауындағы талай ақынның жыр арқауы болған Айша бибі мен Қарахан туралы аңызды қайта сөйлетеді.

Қарахан, Айша бибі, Баба әженің

Мазары жұмбақ күйін шертті маған, – деп өткенмен сырласады, ақындық бақсылығын шақырады. Ұмытыла бастаған олардың үнін қалың жұртқа тағыз бір жеткізеді.

Түзеп ап алдын-ала жыр көшімді,

Шабытқа мінген ақын, ал, көсілді.

*Айқожса, лақап аты – Зеңгі баба,
Болыпты соның қызы Айша есімді, – деп
ежелгі ақын-жырауларша әріден толғай жөнеледі.*

Одан әрі:

*Ерекше жаратылған жөргекте әні
Нұр шашқан гажайып бір келбетті әрі,
Ақылы көркіне сай, заманында,
Ондай қыз дүниеге келмепті әлі, – деп
төгіле түсіп, баяндай жөнеледі. («Ұлылар Ұлағаты»,
18-бет) Міне, өстіп сардаланың жотасынан төменге
төгілген жезкиік легіндеі түйдек-түйдек лекілдеген
өлең ырғағымен қоса ой легі жарыса жөнеледі.*

*Қашанда аңыз-әпсаналар халықшыл ақындар
қаламынан тыс қалмаған. Ескі жыр-аңыздар кейінгі
ұрпаққа кең даланың желпи соққан самалындай бабалар
үнін танытады. Рухыңа рух қосып, тарихқа үңіле
түсуге итермелейді. Кейде бұрыңғы аңыз-әңгімелер
ізімен жүруші, сол тақырыпта қалам тербегендерді
ескілікті аңсаушылар деген қате пікір бар. Өткендердің
ескісі бүгінгі жаңаның негізгі іргетасы екенін ұмытып
кетеміз. Ол – жабағы мен шуданың сасық иісін сағыну
емес, сонау бабалар ерлігінен рух алу, солардың жасаған
ерліктеріне еліктеу, елін-жерін соларша сүйіп, солардай
халқына адал қызмет етуді аңсау. Көргені бар, көкірегі
ояу ұлылардың ұлағатын мирас еткен, халықтық
дәстүрде тәрбие алған ақын ғана сол тақырыптарға
бара алады.*

*Зернебек ақынның тарих қойнауына сүңгіп,
«Қорқыт атаға», «Әл-Фарабиге», «Омар Хаямға»,
«Қожса Ахмет Яссауиге», «Асан қайғыға», «Төле би
мен Бөлтірік шешенге», «Айша бибі мен Қараханға»,
«Бәйдібек бабаға», «Ысты бабаға», «Тілік бабаға»,
сондай-ақ, Алаш арыстарына, басқа да ұлы тұлғаларға*

арнап жазған бір топ өлеңдері бар. Бұл өлеңдерінің бәрінде де ақын, бабалардан үлгі алуға, солардай болуға, бүгінгі ұрпақты елдікке шақырған. Сондықтан да болар, ақын кітабының атын – «Ұлылар ұлағаты» деп қоюы. Бір кездері бар жоғы отыз жыл өмір сүріп, артына өлмес мұра қалдырған, қазақтың аққан жұлдызындай боп өткен, ғұлама ғалымы Ш.Уәлиханов мынадай сөз жазған екен: «Сауаттылық сардалаға беренауыздардың тобын көбейтуге келгендей, еш уақытта далада мұндай жаулар болған жоқ еді және әрбір қаріп танитын қазақ қосылған сайын олардың саны өсе түседі. Бұл адамсымақтар халықтың үстінен қарауға құмар, азаматтық, ұлттық ар деген миларына кірмейді. Өз қасиеттерін сатып, халықтың беделімен сауда жасайды». Міне бұл дерт бүгінде де бар. Қазақ дәл сол қалпынан айырылып, ада болғаны шамалы. Өзінің мәдениеті мен салт дәстүрін төмен санап, өзгенің жылтырына құмар, өз тілінен өзгені жоғары қоятын, арын сатқан азғындар жыл санап көбеймесе азаяр емес. Бұл – ұлт қасіреті, болашағымыздың кеселі. Осы сырқатты сезген Зернебек ақын **«Көзі ашық, көкірегі сауатты» (Кеудемдегі кептерім – 58 бет)** атты өлеңінде Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ жұрты сауатсыз болған, оқымаған деген пікірге қаламымен қарсы тұрады. Ол осынша кең даланы ұстап тұрған қазақ халқының қаһармандық ерлігін алға тарта отырып, тұтастық пен бірлігін паш етеді. Егер біз сауатсыз, оқымаған болсақ, адалдық, адамдық қасиеттер қайдан келген, ағыл-тегіл жыраулар поэзиясы қалай пайда болған, бірнеше сағаттап жатқа соғатын батырлар жыры ауыздан-ауызға қалай жеткен, Қорқыт, Асан қайғының күйлері, музыкалық білімсіз ел арасына қалай тараған деген сықылды

уәждер айтады:

*“Қараңғы” деп бір әумесер дау айтты,
Ондайларға мен берейін жауапты,
Шежіресін жатқа соғар түгелдей
Қазағымның көкірегі сауатты.*

*Не десең де, көкейіме қонбайды,
Қонбақ тұрмақ, намысымды қорлайды.
Түсінбеген мақалы мен мәтелін,
Түбінде бір өкініштен сорлайды, – деп
ескертеді.*

*Дүние мен мал емес, сахараның сәні де, байлығы да
ән, жыр болғанын, бозінгендей боздаған, ішсе мейірің
қанбаған зәмзам суындай, ғажайып халық ауыз әдебиеті
кенересі кепкен көлдей тарылып бара жатқанын
ақындық жан айқайымен жеткізеді. Том-том кітап
оқымаса да, дала қазағының көкірек сауаттылығына
дәлел, оның үлкен айнасы да, сол халық ауыз әдебиеті
екенін айта келіп былай түйіндейді:*

*Жырау, жырышы атанған бұл мекенге,
Сауатсыз деп күйе жақпа бекерге,
Домбырасын қалдырыпты мұраға
Нағыз қазақ дүниеден өтерде! (59 бет.)*

*Өзі де сол ақын-халықтың мұрагері екенін ұқтырып
қояды. Міне, мұндай ойсыздарға ой салар ақын өлеңдері
баршылық. Бұл өлеңдері бір деммен, бір лепте, толқи
жазылған. Ақын күйзелісі, ел қасіреті, болашақ
ұрпақтың қамы елдік тақырыпта жазылған біраз
өлеңдерінің барлығының өн бойынан да анық байқауға
болады. Осы тақылеттес, тақырып аясы ұқсас
З.Шілдебайұлының «Шәкірттеріме» (34 бет), «Ей,
менің жастық шағым» (35 бет), «Аманат» (79 бет),
«Жас ұрпаққа» (83) деген өлеңдерінде:*

Сөз қадірін ұқпайтын,
Аяғымнан ақсатты.
Кім бар екен құптайтын,
Көкейдегі мақсатты? – деп торықса, **енді**

бір жерінде:

Көз жұмармыз бір күні,
Көп те емеспіз, аз-ақпыз.

Болғанымен тірлігі

Бірлігі жоқ қазақпыз, – деп мұңаяды.

Зернебек Шілдебайұлының өзегіне өрт болып түскен дертінің бірі, өзгені зор, өз тілін қор санаған, тілін шайнағандардың мазағына айналған ұлт тілінің тағдыры болатын. Зекең өмірінің соңына дейін осы майданның нағыз күрескер сарбазы болып өтті. Шыққыр көзіміз көрген соң айтамыз-дағы. Талай даулы жиналыстарда отырып-отырып, соңғы жағында Зекең өре тұратын. Көтерілгенде жәй көтерілмейтін, момақан, монтиып қана отыратын Зекең ана тіліне келгенде арқаланып сөйлеп, азбан айғырша жер тарпып кететін. Кейде тіпті бет-жүзіне қарамай, ана тілінен хабарсыздың жағын айырардай айбат жасап, бұрқ-сарқ қайнап барып басылатын. Орыс тілділерге:

Орыс тілін меңгеру –

Бүгінгі күн талабы.

Өз тіліңді кем көру –

Басқа тебу Ананы.

Орыс тілі – құралың

Қиындықта дос та бар.

Ана тілі – ұраның

Маңдайдағы қос жанар, – деп, **(Кеудемдегі кептерім – 83 бет)** сыпайылап жеткізетін.

Ақын өлеңдерінің біразы осы өз тілін құрметтеуге

арналса, халқына жасаған кәделі көп қызметінің бір саласы «Ұлағат», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде» деген үш журнал ашып, мектеп ұстаздарын білімді болу мен тіл тазалығын сақтауға, методикалық жағынан табанды болуға дайындап, теориялық білімді Республикаға тартты. Ол мылтықсыз майдан ашып, тіліміздің салтанат құруына бар күш-жігерін жұмсады. Келер ұрпаққа қоры мол бай тілімізді мұра ғып қалдыру үшін бар білімін сарп етті. Жан-тәніменен уақытын сол журналдарының өміршеңдігіменен мазмұнды болуына арнады.

Айқара ашып әрқашан есігімді,

Бола білдім пендеге кешірімді.

Үш журналым – тындырған бар жұмысым,

Сол үшеуі өшірмес есімімді. (114 бет), –

дейді ақын.

Көз майын тауысып, журналдың методикалық ұтымдылығымен қатар, стилистикалық және грамматикалық сауаттылығын да қатты қадағалап отырушы еді. Бір үтір мен нүктенің орынсыз қойылмайтынына мән беріп, әріп қателерін бірнеше қайтара түзеумен болатын. Осы журналдың редакциялық алқа мүшесі ретінде басылымдарының жарық көру үрдісінің талай куәсі де болдық. Бір ғажабы, бас редактор ретінде Зекең қарамағындағыларға дауыс көтермейтін. Үнемі қызметкерлерін көтермелеп отыратын. Мейрам, атаулы күндерде шағын той жасап, әнші-жыршы-бишілерді шақыратын. Ол да бір өтіп кеткен қайта оралмас мәнді, мағыналы қызықты күндер екен-ау...

Журналдың тұрақты оқырман авторлары, ауыл мұғалімдері үнемі Зекеңнің қадірменді қонағы болушы

еді. Шалғай ауылдардан келген кейбір мұғалімдер өздерінің мұң-мұқтажын Зекең арқылы түгендеп қайтатын. Талайының қалтасына жол пұлын салып, құда аттандырғандай тойлатып, аттандырып салып жатқанын талай көзіміз көрді. Оның жомарттығы мен мәрттігі ешкімде жоқ еді-ау! Тіпті өзінің қолында болмай қалған кезінде кеңсесінің жанындағы дүкеннен қарызға алып беріп, әлгі авторын риза қылып қайтаратын да, ай соңында айлығынан өзі төлеп, ақшасын жеткізе алмай жүрген күндері де болған. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін, әрі бойына біте бермейтін адамгершілік қасиет-тұғын.

Зекең адам ретінде ешкімге жамандық жасағанын естіп те, көрген де емеспіз. Елдің бәрі, дос жақын еді. Қашан көрсеңіз де ол топ адамның ортасында жүретін, көпшіл болатын, дос-жарансыз тамағы бойына сіңбейтін.

*Еш жамандық жасамадым адамға,
Сүйендім тек от жырым мен қаламға.
Ер мінезді жүректерге жақындап,
Жоламадым арамза мен сараңға. (113 бет.)*

Қай ақын туған жерін жырламаған, оны ерекше қастерлеген. Былайғы адамдардан гөрі елге, жерге деген ақын махаббаты, ақын сүйіспеншілігі бөлек, ерекше. Ағайын-туыс, еліне деген Зекеңнің құштарлығы бөлек болатын. Өзі өсіп-өнген Жамбыл облысының Ойық ауылына, онда өскен құрдастарына, ағайын, дос-жарандарына бірнеше өлеңдер арнады. Егер оны таратып жазсақ, бір кітапқа сыйғыза алмасымыз сөзсіз.

*Қашанда тоймай қарар ойыныма
Жаһанда жер жетпейді-ау Ойығыма!*

Төсінде ерке Талас сылаң қағып,
Зулайтын мені алып қойынына.

(Ұлылар ұлағаты, 26 бет.)

Ол қай өлеңінде де елге, жерге деген махаббатын төгіле жырлайды. Ел, жер өз алдына, жақын ағайын-туыстарына арнауларының өзінен-ақ ерекше елжіреген жанның жүрек лүпілін анық байқайсыз. Аға-жеңге, туыс-бауыр, дос-жаранға деген жүрегі алып-ұшып, болсын деп тұратын, қосыла қуанатын, бірге қайғыратын, кең дария көңілі тасығанда бар әлемді бидайық басындағы дәнге сыйғызып, бар болмыс-бітімімен төгіле кетуші еді. Өйткені ол қуанса, шын қуанатын, қайғыда шын түнеретін, бүкпесіз пенде болатын. Оның ағайын-туыс, дос-жаран, аға-ініге арнап жазған бірнеше өлеңдері бар. Оның бәрінен де сол адамзатқа деген сүйіспеншілік пен ерекше елжіреген жүрек лүпілі сезіледі. Міне, бұлай жаны жайсаң, кең жүректі ақын ғана шалқиды. Қара таспен қымталған қаланың өзінің жүзін жайнатып ерекше бір күйге енгізеді.

Жалпы шығарманың ойы, рухы мен идеясы ұлттық колоритпен жымдасып жатпаса, ондай шығарма нәрлі болмақ емес. Оған қанша сылдырмақ тағып сыртын жылтыратқаныңмен, ішкі қуатын құдай берген қасиет талант болмаса жеткізу қиын. Ұйқас қуып кейде сөз сарасын бөтен сөзбен «былғап» аламыз. Ал еркін ойлы, шығармашылық сезімталдығы мықты ақын жоғарғы талаптардың бәрін сол қылдай сезім ұшына байланған жіппен үзбей алып шығады. Біреулер оны тәжірибе, тәсіл дейді, ал мен ол шығарма иесінің сөзбен көмкерілген жүрек лүпілі, қанында ойнаған ыстық сезімі деп айтар ем.

«Жомартты құртқан жоқтық» демекші, өзінің

жоқтықта өсіп, ержетіп, тұрмыстың тауқыметіне көп шырмалғанын әңгіме етіп отырушы еді, жарықтық... Әкесі Шілдебай ауылда қарауылшы болса да, қарапайым маңдай терімен бірнеше балаларын асыраған, ар мен ұяттан жаралған жан болыпты. «Мен осы бір сара жолмен өсіп жетілдім. Жетімдіктің зарын тартпасам да, жоқшылықтың мұңын бір кісідей бастан кешірдім. Өйткені әке-шешем қалт-құлт етіп тіршілік еткен кедей кісілер еді», – дейді ол өзінің кітапқа жазған өмірбаянында. «Әкем жарықтық, бұл өмірден түк көрмей өтті-ау! Ондай жандар біздің ауылда қаншама?» – деп мұңайып отыратын Зекең кейде. Даусынан ауыр күрсініс байқалатын. Кедейлігіне кейде ызасы келіп, жігерін жанитын. Оны лепті өлеңдерінен де байқау қиын емес. **«Кедейлік» деген өлеңінде:**

Тірлікте қысымдықты көп көріппін,
Басымнан талай жайды өткеріппін.
Шалсаң да аяғымнан жанды қинап,
Өзіңе өршелене кектеніппін.

Ұғындым сен арқылы маңайымды,
Екеуміз сияқтымыз ағайынды,
Қусаң да ұстармын деп қыр соңымнан,
Жігерім қақпаныңды қақ айырды, – дейді
ызалы ақын. **(101-бет)**

Зернебек Шілдебайұлы ақындықпен біржола кәсіби тұрғыда шұғылданса, қаламынан талай құнды дүниелердің туары даусыз еді. Оның шығармаларының нәрлі де құнды екендігі жайлы әр кезеңдерде жоғарыда айтқан ақындар Күләш Ахметова мен Қайырбек Асановтан өзге белгілі қаламгер Дүкенбай Досжанов, баспагер, журналист Ерғали Сағат, ұстаз, ғалым,

профессорлар Жанғара Дәдебаев пен Бақтияр Сманов, Қайсар Қадырқұловтар өлеңдеріне талдау жасап, жақсы лебіз пікірлер білдірген болатын.

Зекеңнің тапжылмай отырып, шығармашылықпен айналысуына, біріншіден, бесігінен басталған жоқтық кедергі болса, екіншіден, үш журналдың қым-қуыт шаруасы, жыртығымды бітеймін деген бала-шаға қамы араласқан тұрмыс тауқыметі деп ойлаймын. Оны өз өлеңдерінде де талай айтқан. Уайым-қайғыдан жүрекке дерт алғалы, ол бір түрлі күйге түсумен жүретін, ішіне бүгіп, сыртқа сыр бермеуге тырысатын. Бірақ оның ол сырын өлең өсекші жұртқа шашып қоятын:

*Бірқалыпты соқпайды
Бұрынғыдай жүрегім.
Бәлкім, ерте тоқтайды,
Соны ойлап жүдедім.*

*Қаниша өмірім қалды екен,
Мынау нұрлы тірлікте?
Армансыз жан бар ма екен,
Боламыз-ау бір нүкте...*

(«Кеудемдегі кептерім», 102-бет.)

Иә, бір нүктедей болып ақын денесі зиялылар мәңгілік қоныс тепкен Кеңсайдың бір жотасында жатыр. Оның елім деп соққан алып жүрегі жер-Анамен бірге қосылып, дүрсілдеп соғып жатқандай елес береді, кейде. Бірақ ол елес қой.

*Дос-жарандар, күдеріңді үзбегін,
Сезгендеймін көңілдегі күз лебін.
Жадыратам жаздың жайсаң жырымен
Мені сонда өлеңімнен іздегін! –*

(«Кеудемдегі кептерім», 86-бет.)*дегеніндей, біз енді оның іздерін тек жырларынан іздейміз.*

Ф. ОРАЗБАЕВА,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор.

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ АМАНАТЫ – ТІЛ

Аңдатпа: Қазақ елінің ұлттық коды – ұлттық тіл мен ұлттық руханият. Ұлттық руханиятты өрістетуге, өркендетуге бағытталған Алаш арыстарының еңбектері мен мұралары – Қазақстанның елдігі мен бірлігін сақтайтын, ұлттың білігі мен білімін арттыратын рухани тамырлар. Бұл мақалада Алаш арыстарының ең басты аманаты – тіл мәселесі сөз етіледі.

Түйін сөздер: Алаш идеясы, тіл, ұлттық руханият, Алаш арыстары, үздіксіз білім беру.

Summary: The national identity of the Kazakh Country is the national language and national spirituality. The works and heritage of Alashare aimed at the development and prosperity of the national spirit - the spiritual roots that preserve the unity and the unity of Kazakhstan, and the nation's knowledge. This article deals with the main issue of the Alash goals - language problem.

Key words: Alash idea, language, national spirituality, Alashheros, continuous education.

Тіл – дүниедегі жаратылыс құбылыстарының ең күрделісі, адамзат болмысының ең жұмбақ көрсеткіші, әлемдегі ең құнды рухани байлықтың көзі. Ол адамның ойлау, қабылдау, пайымдау, сөйлеу

қасиеттерінің тұтастығымен ерекшеленеді. Тілдің сөз бірліктерімен сабақтасқан мазмұны, дыбысталу аппаратымен бірлескен формасы оның күрделі де ерекше құбылыс екенін көрсетеді. Сонымен қатар тіл – дүниедегі сыртқы-ішкі жасанды күштердің әсерімен өзгертуге, түзетуге, жаңартуға, қолдан жасауға болмайтын жаратылысы бөлек табиғи құбылыс. Өйткені тіл мен сөз – жер бетіндегі табиғат құбылыстарымен қатар жаратылған, тіршілікпен, адаммен егіз қаланған дүние кереметінің бірі. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: *«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі».*

Тілдің пайымдау, қабылдау, хабарлау қызметі адами факторлардың басын біріктіретін, адамзатқа тән барлық қасиеттерді бір арнаға тоғыстыратын мазмұн мен мәннің бірлігінен тұрады. Тілдің мәні мен мазмұнын «Ұлы дала елінің» басты тұғырлары: жер, ел, ұлт, діл, дін деген ұғымдар ұстанымын елдік мүдде тұрғысынан іске асыратын «Мәңгілік ел» идеясының негізгі қағидалары айқындайды. Мемлекетіміз ұлттық сана мен ұлттық кодқа негізделген идеяны басшылыққа ала отырып, әлемдік өркениеттің озық үлгілерін меңгеру арқылы бәсекелестікке қабілетті елдер қатарынан орын алады.

Қазақ елінің ұлттық коды – ұлттық тіл мен ұлттық руханият. Ұлттық руханиятты өрістетуге, өркендетуге бағытталған Алаш арыстарының еңбектері мен мұралары – Қазақстанның елдігі мен бірлігін сақтайтын, ұлттың білігі мен білімін арттыратын рухани тамырлар.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарлама-мақаласында айтылған: *«Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс»*, – деген сөзі бірінші кезекте Алаш арыстарына қатысты.

Қазақ елінің рухани алтын тамырына жататындар – ұлттың біртуар перзенттері – Алаш арыстарының ел, жер, ұлт, тарих, білім, ғылым, әдебиет, мәдениет және тіл туралы кейінгі ұрпаққа қалдырған мұралары. Аталмыш мәселелер жөніндегі Алаш арыстарының пікір-көзқарастары мен ұстанымдарын «Рухани жаңғыру» жағдайында «елдің дамуына, өркендеуіне тірек болатын мәдени-рухани негіз» деп қабылдаған жөн.

Жиырмамыншы ғасыр басында ел тәуелсіздігін, ұлт мүддесін қорғау жолында еңбек еткен, көш бастаған Алаш арыстарының ұстанымдарына сүйенсек, олар аманаттаған: *«Өмір мұраты – азаттық»*, *«Адам мұраты – тәрбие»*, *«Ұрпақ мұраты – білім»* деген қағидалар қазіргі ХХІ ғасырда Ұлы дала елін сақтаудың, адамзаттық құндылықтарды игерудің, келешек ұрпақты өркениетке жеткізудің негізгі бастауы, қайнар бұлағы болып табылады.

Алаш идеясының талаптарын бүгінгі үздіксіз білім беру жүйесінде интеллектуалды дара тұлға тәрбиелеу барысында зерттеп-зерделей отырып, рухани жаңғыру аясында жан-жақты пайдалану өрісімізді кеңейтіп, білім мен білігімізді арттырады.

Осы тұрғыдан келгенде, Алаш арыстарының тілдің әлеуметтік қызметі мен ел тәуелсіздігін баянды ету жолындағы рөлін атап көрсеткен пікір-көзқарастарын жадымызға түйіп, көкірегімізде сақтап; өмір сүру, білім беру, бала тәрбиелеу үдерістерінде толық іске асырғанымыз абзал. Ел тәуелсіздігі үшін күресе отырып, олар тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәні мен маңызына айрықша назар аударды.

Алаш қайраткерлерінің тіл туралы пікірлеріне зер салсақ, алаш зиялыларының бірі: *«Тіл – ұлттық рух»*, – десе, екіншісі: *«Көшбасшы болудың тірегі – тіл»*, енді бірі: *«Тілсіз ұлт жоқ»* немесе: *«Тілді сақтау – рухани парыз»*, – дейді. Осының бәрі тілдік руханияттың ұлт пен ел тәуелсіздігі жолындағы маңызын, алатын орнын айшықтайды.

Тілдік руханият – ұлттың, адамның ой-санасына, ішкі жан-дүниесіне, тәлім-танымына, әдет-әдебіне, білім-білігіне, мәдениетіне байланысты тіл арқылы көрініс табатын рухани байлықтар жиынтығы. Тілдік руханиятқа негізделген Алаш арыстарының концепциялары бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін қозғайды. Мәселен, *«Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды»*, – дейді Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан.

Көшбасшы болу қазақ тарихында хандар мен билердің халықты ұйыта білер шешендігімен, әділетті шешім шығара алар ой-парасатымен, қара қылды қажарар әділдігімен, батылдығымен өлшенген.

Шешен болу үшін қазақтың тілін жетік білу керек.

Әділетті болу үшін халықтың жай-күйін, тұрмыс-

тіршілігін, сыртқы-ішкі жағдайын, сұранысын толық зерделеу қажет. Ұлттың, халықтың психологиясын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, өмір сүру ұстанымын ескере отырып, әрекет ету, шешім қабылдау – елдікті сақтау мен адамды қорғаудың кепілі болған. Осы критерийлердің барлығы тілдік руханияттың негізін қалайды.

Әлихан Бөкейханның төрағалығымен «Алаш» партиясы құрылғаннан кейін 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында бірнеше облыс-уезд орталықтарында аймақтық съездер өткен. Сондай жиынның бірі – Орал қаласында 19-22 сәуір аралығында болған қазақтардың 1-съезі. Осы съездегі Жаһанша Досмұхамедовтың сөйлеген сөзі қазақ халқының тәуелсіздігімен қатар ел басқару ісіне, мемлекеттік тіл мәртебесіне, оның қолданылу кеңістігіне арналған. Ол: *«Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта өз тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады»*, – дей келіп, тілдің әлеуметтік қызметін жоғары бағалайды.

XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері тіл мәселесін ұлт болашағымен, ұрпақ тәрбиесімен байланыстырып, ана тілінің дамуына ерекше көңіл бөлген. Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы: *«Егер біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек.*

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған

жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. **Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады**», – дейді. Кемеңгер ой иесі «сөйлегенде де, жазғанда да **«жат тілді сөздерді араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей»**, **қазақ тілінің бай сөздік қорынан айырылып қалмаңдар**» дегендей түйінді пікірімен келер ұрпақты сақтандырады. Осы мәселеге орай тұжырымдалған ғалым Ахмет Байтұрсынұлының әдеби тілдің тазалығын қамтамасыз ететін «талғау салтының шарты» ұстанымы күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Күнбатыс Алашорданың идеологі саналған Ғұмар Қараштың **«Тіл болмаса, ұлт та болмайды, яғни, ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, сол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтыны өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді»** деген пікірі «Рухани жаңғыру» жағдайында мәдениет пен әдебиеттің маңызын бұрынғыдан да арттыра түсті.

Үздіксіз білім беру жүйесінде бастауыш және орта білім беретін салаларда «Қазақ әдебиеті» пәнінің білім мазмұнының әлсіреп, жүйесіз қалыпқа түсуі; орыстілді мектептерде тіл мен әдебиеттің біріктіріліп, оқушылардың ең маңызды рухани қазынадан алыс қалуы – ұлт мәдениетіне,

өнеріне, біліміне нұқсан келтіретін қадам.

Батыс Алашорда үкіметі жетекшілерінің бірі Халел Досмұхамедұлы тіл туралы: *«Тіл – ұлттың жаны. Өз тілін білмеген ел ел болмайды»*, – деген кезде тілдік руханияттың елдік пен тәуелсіздіктің тірегі, асыл арнасы екенін айтқан.

Алаш қайраткерлерінің ірі өкілі – Қошке Кемеңгерұлы: *«Бақ құмарлықты, кек алғыштықты, жаяу өсекшілдікті жоятын саяси-әлеуметтік тәрбиені күшейтуді бірінші орынға қойып отырмын»*, – дей келіп, ұлы Абай айтқан жағымсыз қылықтардан ұрпақты сақтаудың жолы – әлеуметтік тәрбиенің басты нысандарын анықтау екенін бөліп көрсеткен. Аса көрнекті ғалым-қайраткер тәрбиеге әсер етуші сыртқы-ішкі факторларды айқындай келе, ***бірінші орынға адам тәрбиесін қояды.***

Елбасы бағдарламасында баяндалған «төл тарихымыз – тарлан тарихқа» және «адам факторы – адами капиталға» ендей отырып, «ұлт жадының тұғырнамасын» тәрбиелеу мәселелері Қошке Кемеңгерұлы еңбектерінде отандық тарих ғылымына («Қазақ тарихынан»), тіл білімі салаларына, ұлттық аударма мәселесіне, оқулық пен сөздік түзудегі тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметіне қатысты тереңінен сөз болады.

Тілдің маңызы мен мәнін: ***«Анаңның, бабаңның тілін жетік біл. Тіл дегеніміз – шежіре»***, – деп атап көрсеткен филология ғылымдарының докторы, профессор, Алаш зиялысы Құдайберген Жұбанов *«Тарихы жоқ ел де, тіл де, ұлт та тұл»* деген тұжырымы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтау үшін,

елдік мүддеге жету үшін қазақтың шежіре тілін келер ұрпаққа жеткізіп, аманаттау үшін тарихты жетік білудің қажеттігін баса айтады.

Алаш арыстарының күресі мен атқарған істері, еңбектері, іргелі мәселелерге қатысты ой-пікірлері, тіл мәртебесіне байланысты тұжырымдары – егемен еліміздің тұғырын бекітетін рухани тамыр арнасы, ұлттық бірегейлік пен елдікті сақтаудың алтын көпірі. Алаш арыстарының аманат етіп қалдырған тілдік мұрасын жаңа гуманитарлық білім беру жолында толыққанды іске асыра отырып, ұлттың рухани тамыры мен әлемдік өркениеттің озық үлгілерін қатар меңгерген, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – біздің парызымыз.



Л.Е. БАЗАРОВА,
преподаватель казахского
языка и литературы
С.В. ПЛИСС,
преподаватель физического
воспитания
КГУ «Карагандинский
агротехнический колледж».
г.Караганда

ФИЗИЧЕСКИЕ ДВИЖЕНИЯ НАМАЗА КАК ПОДДЕРЖКА ЗДОРОВЬЯ ЧЕЛОВЕКА И ПРОФИЛАКТИКА ЗАБОЛЕВАНИЙ

Мақалада күніне бес уақыт оқитын намаздың денсаулықпен әлеуметтік-экономикалық, діни фактормен және өмір сүру салтымен тығыз байланыстылығы дәлелденген. Намаздың діни, жеке тұлғалық, әлеуметтік, тәрбиелік т.б. көптеген пайдасы айтылған. Шынайы ықылас-ниетпен оқылған намаздың жанға рухани тыныштық әкеліп, мінез-құлықтың көркем болып қалыптасуына септігін тигізетіні айқын көрсетілген.

Ещё Гиппократ сказал: «Гимнастика, физические упражнения, ходьба должны прочно войти в повседневный быт каждого, кто хочет сохранить работоспособность, здоровье, полноценную и радостную жизнь».

Сложившиеся социальные условия, научно-технические преобразования не способствуют сохранению здоровья. Но можно противостоять этим влияниям, приостановить разрушения организма, не страдать от болезней и быть готовым к любой деятельности. Стоит только изменить свой

образ жизни, и человек сможет чувствовать себя здоровым.

Одним из путей соблюдения гигиены тела, поддержания физического и психологического здоровья человека является соблюдение одного из пяти столпов ислама – совершение намаза.

Совершение намаза подразумевает набор определенных телодвижений, их польза для здоровья очевидна, тем более учитывая их многократное повторение в течение пяти ежедневных намазов. Когда намазы практикуются в течение всей жизни человека, повторяясь каждые несколько часов, это приспособливает его проводить сложнейшую медитацию в сочетании с физической активностью, так, что молящийся получает как духовную, так и физическую пользу от поклонения своему Господу. Обязательные намазы и таравих уникальны в том плане, что физическое напряжение, связанное с телодвижениями, сочетается с моральной релаксацией. Регулярные обязательные и дополнительные намазы уменьшают раннюю смертность людей с повышенным артериальным давлением (первичный риск сердечных заболеваний) на половину. Они также борются с генетическими тенденциями к ранней смертности.

1.1. Происхождение с точки зрения этимологии слова «намаз».

Обычно слово «намаз» толкуют с персидского как "молитвенное место". В таком варианте оно распространено и в тюркоязычной среде. В нахском языке это слово произносится как "ламаз", которое мы этимологизируем как "лам" (гора) и "зе" (смотреть, наблюдать). Выражение "ламзеваяган", сегодня можно интерпретировать как "пошел на молитву", но в дословном переводе будет "на гору смотреть, наблюдать пошел". Отсюда мы можем сделать предварительный вывод, что слово "намаз" имеет корни в

нахском языке. Это подтверждает и слово из грузинского языка "ламази" (красиво), которое как мы видим, тоже вошло в грузинский язык из нахского языка. Более детальный подход к этимологии слова из нахского языка "лам", показывает, что оно состоит из слова "ла" (земля) и "ма" (божество, величие). Слово "лам" (гора) имеет и производное "лами" (лестница). Если мы обратим внимание на конструкцию согласных в слове "земля", то видим тоже прочтение что и в слове "ламаз", только в обратном порядке.

Слово "лам", мы видим в слове "Иерусалим" (ивр. Ерушалим).

Здесь стоит акцентировать наше внимание и на ивритское слово "шалом" (мир, приветствие). Оказывается, у этого слова есть "родственники", один из которых русское "шлем". Какое же родство между ними? Это родство покажут слова из нахского языка "ша" (лед) и "лам" (гора). И вот, глядя на вершину умиротворившегося, успокоившегося вулкана, мы видим развитие семантики слов "ша" и "лом". В арабском языке развилась семантика от нахского "са" (свет, дух, мое) и "лам", от которого идет всем известное приветствие "салам", и от которого, и образовалось слово Ислам.

1.2. Намаз с точки зрения науки.

По данным доктора медицинских наук Б. С. Алякринского, более 400 функций человеческого организма подчиняются биологическим часам. В течение суток происходит смена 50 малых и 5 больших периодов биоритмов. Смены пяти больших периодов биоритмов связаны с соответствующим влиянием диспозиции планет Солнечной системы. Самое интересное: время смены этих пяти больших периодов совпадает со временем пяти ежедневных мусульманских молитв (намазов).

Повторение коранических аятов помогает оградить

сознание от посторонних мыслей. Исследователь Гарвардского университета доктор Герберт Бенсон установил, что повторение молитв, аятов Священного Корана и поминание Аллаха (зикр) в сочетании с небольшой физической активностью и пассивным отключением активного мыслительного процесса вызывает ответную физиологическую релаксацию: понижение кровяного давления, уменьшение потребления кислорода, уменьшение частоты биения сердца и частоты дыхания. Таким образом, оказывается, что намаз, сочетающий в себе все описанные признаки, является идеальным условием, вызывающим состояние физиологической релаксации.

Элементы намазов в 1970 годах по рекомендации профессора медицины А.Н. Яроцкого внедрили в институты физического воспитания, заново открыв под названием Закона Старлинга. Законы Старлинга, как и намаз, основан на создании удобных биологических условий для эластичного сгибания мускулов, улучшения процесса сокращения мускульных тканей.

По-нашему мнению, значение мудрости предписаний намаза – это состояние во время чтения и во время не совершения намаза. На сегодняшний день перед ведущими специалистами в области медицины, физического воспитания, психологии и педагогики, перед учеными эти задачи являются одним из актуальных задач.

Современной наукой доказано, что совершающий намаз получает большую пользу для своего физического и психического здоровья. Некоторые из полезных для здоровья аспектов, содержащихся в намазе, таковы:

1. Люди, совершающие намаз, ведут более здоровый образ жизни. Движения, совершаемые при намазе в течение различного времени суток, снимают утомляемость сердца и способствуют постоянной бодрости человека. Время

совершения намазов наиболее соответствует времени обновления кровообращения и оживления дыхания человека.

2. В мозг того, кто склоняет голову к земле восемьдесят раз в день, ритмично и обильно притекает кровь. Поэтому у совершающих намаз благодаря хорошему питанию клеток мозга реже встречаются нарушения памяти личности.

3. Благодаря постоянным наклонам и подъемам, в глазах совершающих намаз кровообращение происходит более активно. Поэтому нормализуется внутриглазное давление, обеспечивается постоянный обмен влаги в передней части глаз. Это предохраняет от различных заболеваний, в том числе катаракты.

4. Изометрические движения в процессе намаза способствуют хорошему перевариванию пищи в желудке и нормальному выделению желчи, тем самым не допуская скопления желчи в желчном пузыре, способствуют нормальному функционированию поджелудочной железы и играют большую роль в предупреждении запоров, а встряска почек и путей испражнения предупреждает образование камней в почках и облегчает мочеиспускание.

5. Ритмические телодвижения в процессе пятикратного намаза предупреждают артроз и известковые отложения в суставах, закупорку сосудов у людей, не занимающихся повседневным физическим трудом, приводя в действие сосуды и суставы.

6. Для телесного здоровья необходимо соблюдать чистоту. Омовение (малое и большое) – это и телесная, и духовная чистота. А намаз – воплощение чистоты. Без телесной и физической чистоты невозможен намаз. Омовение сохраняет телесную чистоту.

7. Намаз – важнейший элемент регулирования сна. Даже статическое электричество, накапливаемое в теле, удаляется из него посредством земных поклонов. Таким

образом, тело снова обретает бодрость.

Следовательно, все физические движения намаза помогает поддержанию здоровья человека и профилактике заболеваний. Минимальная дневная норма верующего состоит из семнадцати молитвенных циклов – ракаатов, каждый из которых состоит из более семи отдельных поз. В день получается около 119 поз, в месяц – 3 570, в год – 42 840. За сорок лет (средняя продолжительность жизни) человек принимает 1 713 600 поз.

1.3. Правила совершения намаза.

Ритуальное омовение

При омовении, очищение водой выполняется двенадцатью действиями. Среди них в восьмом действии ладонь и пальцы обмачиваются водой, один раз проводится руками по голове. Этим действием выполняется массаж кожи головы. А это активизирует кровообращение, усиливает мыслительную функцию мозга, улучшает кровоснабжение волосяных капилляров и предохраняет от преждевременного выпадения волос.

В девятом действии руки обмачиваются, указательным пальцем правой руки массируется правое ухо (ушная раковина) и большим пальцем – задняя сторона уха, точно также указательным пальцем левой руки массируется левое ухо (ушная раковина), большим пальцем – задняя сторона левого уха. Это, как было сказано выше, улучшает влияние вестибулярного аппарата, успокаивает нервную систему.

По китайской медицине, на человеческом теле имеются более 700 биологически активных точек, из них 66 точек являются сильнодействующими, и в рефлексотерапии за эти эффекты их называют точками агрессии, античными точками или точками первоэлементов. 61 из этих сильнодействующих точек расположена в зонах

обязательного омовения перед намазом, остальные 5 точек расположены на ногах, между щиколоткой и коленом. Таким образом, если учесть, что при совершении омовения мытье ног до колен и протирание (массаж) моющихся частей тела являются сунной (то есть желательным), то получается, что каждый раз при омовении мусульмане совершают своего рода комплексную процедуру, включающую в себя гидромассаж БАТ, температурное и физическое воздействие на них. Причем очередность активизации и раздражения БАТ при омовении также оказалась оптимальной.

Время намаза

Существует пять обязательных (фард) (слайд 22) намазов – утренний (*аль-фаджр*), полуденный (*аз-зухр*), послеполуденный (*аль-‘аср*), вечерний (*аль-магриб*) и ночной (*аль-‘иша*). У каждого из них есть свое определенное время, в которое он должен выполняться. Совершение намаза своевременно – одно из его обязательных условий. Нельзя совершать намаз раньше или позже его времени. Это является большим грехом.

Гигиена тела и чистота

Намаз – это не только телесное поклонение, это – сердечное, духовное поклонение, а если намаз является телесным поклонением, значит, он становится физкультурой или гимнастикой. Физкультура в Исламе просматривается и в совершении пятикратных намазов. Физическое воспитание человека в его широком понимании Ислам возвысил на уровень обязательного ибадата.

Когда речь идет о физической культуре, что ныне чаще именуется «спортом», у мусульманина возникает естественный вопрос: Как относится Ислам к спорту?

Известно, что Посланник Аллаха Мухаммад саллаллаху алайхи васаллам в период своего двадцатитрехлетнего

пророчества по указанию Всевышнего Аллаха оставил достаточно напутствий, охватывающих все сферы человеческой жизнедеятельности. Следовательно, в исламе существует ответ и на вышезаданный вопрос. Прежде всего, Ислам провозгласил, что на каждую душу возлагается ответственность за заботу о своем теле.

Религия Ислам придает огромное значение чистоте. «Чистота – это половина веры», – сказал Пророк Мухаммад (да благословит его Аллах и приветствует). Обращаясь к Всевышнему Аллаху с молитвой, верующий должен быть чистым телом, душой, намерением и мыслями. Намаз, совершенный без омовения, считается недействительным. Минимум 5 раз в день мусульманин совершает обряд ритуального омовения перед намазом: моет лицо, руки выше локтей, протирает голову, обмывает обе ноги выше щиколоток. Тем самым в течение всего дня он остаётся чистым, свежим, и опрятным.

С медицинской точки зрения омовение очищает кожу от болезнетворных микробов, оказывает массажное и закаливающее действие, служит профилактикой простудных заболеваний. Лечебное воздействие ритуального омовения на человека заключается и в воздействии воды на биологически активные точки, которых на человеческом теле насчитывается более 700. 66 точек из них являются сильнодействующими, 61 из которых как раз и расположена в зонах обязательного омовения перед намазом, т.е. на лице, руках, голове и ногах.

Гимнастика

Исходное положение в намазе идентично «основной стойке» физкультурника. Поклоны в намазе оказывают положительную роль на позвоночник и работу таких органов, как кишечник, легкие. Намаз завершается

поворотом головы направо и налево. Данные упражнения являются исключительно ценными для лечебной гимнастики шеи, ибо в шейной части расположены нервные сплетения. Повороты препятствуют отложению солей на нервных окончаниях. Во время совершения пятикратного намаза, который насчитывает 29 частей, упражнения чередуются с расслаблением. Кроме того, значение поз намаза заключается в их строгом чередовании и во времени, что способствует выработке условных рефлексов, то есть динамического стереотипа. В процессе своих поклонений своему Господу и приготовлений к ним, совершает множество физических действий. Например, во время намаза и в приготовлениях к нему. Чем совершеннее выполняются намазы, тем повышается их эффективность и с физической стороны, впрочем, как и с других сторон тоже.

Двигательные упражнения

Ежедневно, при условии правильного выполнения намаза, человек совершает 40 ракаатов, которые приводят в действие каждую его часть тела. В современном мире очень модны фитнес, аэробика, йога и прочее, много говорят о пользе утренней гимнастики. Но, согласно исследованиям, ни один вид спорта не может заменить повторяющиеся движения, совершаемые при намазе. Во время намаза все связки человека приходят в движение, предупреждается отложения солей в них. Движения, совершаемые во время намаза, предохраняют человека от множества сердечно-сосудистых заболеваний, заболеваний позвоночника, внутренних органов и многих других. Намаз выполним практически везде, не требует специального оборудования и каких-либо материальных затрат.

Кроме того, движения, совершаемые при намазе, способствуют постоянной бодрости человека,

предупреждают артроз и солевые отложения в суставах. Вдобавок, ученые отмечают, что молитва способствует повышению активности определенных частей мозга, улучшая память и логическое мышление. Огромное влияние намаз оказывает на психологическое здоровье человека. Совершая намаз, верующий отдалается от мирских забот и проблем, концентрируется на молитве и Всевышнем. Тем самым, постоянно подвергающаяся стрессам нервная система отдыхает и успокаивается, психика приходит в гармоничное состояние.

Психическое здоровье

Всем известен тот факт, что физические упражнения улучшают настроение, мысли и поведение. Регулярные намазы (которые, как мы уже говорили выше, приравниваются к физическим упражнениям) повышают качество жизни, способствуют ощущению чувства благополучия, приливу энергии, уменьшают беспокойство и депрессию, положительно влияют на настроение и появляется уверенность. Регулярное повторение аятов из Корана и слов возвеличивания Аллаха улучшает память, особенно у пожилых людей, позволяет отвлечься от ненужных посторонних мыслей. Все действия объединены в намазе, который является идеальным условием для релаксации. Т.е. происходит регулярная мышечная активность, благодаря регулярному совершению намаза, произнесению слов восхваления Аллаха и молитвы.

Таким образом, можно утверждать, что намаз играет очень важную роль в жизни людей и благоприятно воздействует на организм человека:

- *снижается артериальное давление;*
- *улучшается работа сердца;*
- *увеличивается насыщение крови кислородом;*

- *улучшается кровообращение;*
- *снижается уровень холестерина в крови;*
- *устраняется депрессия;*
- *улучшается возможность справляться со стрессом;*
- *улучшается самооценка;*
- *улучшается сон, и общее состояние человека;*
- *поддерживается стабильный уровень сахара в крови;*
- *снижается излишний вес;*
- *улучшается работа легких;*
- *усиливаются кости;*
- *увеличивается мышечная сила;*
- *увеличивается скорость обмена веществ;*
- *снижается риск заболевания раком;*
- *улучшается способность концентрироваться.*

2. Экспериментальная часть

№	Позы намаза и Упражнения
1.	<p style="text-align: center;"><i>Вступительный такбир (такбир аль-ифтитах);</i></p>  <p style="text-align: center;"><i>Исходное положение – руки за голову</i></p>

2.


Стояние во время намаза (кьям), чтение Корана во время стояния (кыра'ат);



Исходное положение – основная стойка пятки вместе, носки врозь, руки по швам.

3.


Поясной поклон, руки на уровне колен (руку');



Исходное положение – основная стойка на 1 наклон, на 2 исходное положение


3-4 тоже самое

4. *Земной поклон, касание земли одновременно коленями, руками и лбом(суджуд);*




Исходное положение – сед на пятках руки на коленях на 1 наклон, руки вперед, на 2 Исходное положение 3-4 тоже самое это дыхательное упражнение

5. *Сидение в конце намаза на протяжении времени чтения «Ат-тахият» (када'и ахира).*



Исходное положение - сед на пятках, руки на коленях. На 1 руки вверх, прогнуться на 2 и.п. 3-4 тоже самое это дыхательное упражнение

6. *Намаз завершается поворотом головы направо и налево.*



Исходное положение - сед на пятках, руки на коленях

на 1 поворот головы влево на 2 вправо

3-4 тоже самое

Данные упражнения являются исключительно ценными для лечебной гимнастики шеи, ибо в шейной части расположены нервные сплетения.

Повороты препятствуют отложению солей в нервных окончаниях шеи.

Ислам является единственной религией, в которой духовные устремления молящегося сочетаются с выполнением ряда обязательных физических движений во время намазов. В этом смысле мы должны гордиться тем, что 14 веков назад наши предки ввели – в полном значении этого слова - комплекс физических упражнений.

Когда намазы выполняются человеком всю жизнь с перерывом в несколько часов – это воспитывает в человеке

дисциплинированность и выносливость. Процесс чтения молитвы воплощает в себя и физическое, и духовное и нравственное воспитание. Если правильно и вовремя читать молитвы, то и организм будет закаляться; дыхание, нервная система, сердечно-сосудистая система, кровообращение, система пищеварения и деятельность других органов улучшится, движения ускорятся, повысится выносливость организма.

Пятиразовое чтение молитвы свидетельствует о том, что намаз является важным средством отражения комплекса теоретических и практических упражнений, воспитывающих в человеке духовные, нравственные, просветительское, медицинские и физические качества.

Таким образом, исламская культура, священная книга Коран, хадисы и другие источники мусульманской религии содержат в себе вопросы гигиены, здоровья и многовековой опыт народного воспитания, а рассматривая ислам как образ жизни мусульман, можно с уверенностью сказать, что это и есть система интеграции физического и духовного развития личности.



Д. Б. ЖҮНІСОВ,
Е. К. ЕДРИСОВ,
Көкшетау қаласындағы
физика-математикалық
бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА МӘТІН ТАЛДАУДА ЖІБЕРІЛЕТІН ҚАТЕЛІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Түйінді сөздер: мәтін лингвистикасы, тілдік талдау, қателіктер, стильдік-функциялық бояу.

Ключевые слова: текстовая лингвистика, языковой анализ, ошибки, функционально-стилистическое окрашивание.

Keywords: textual linguistics, language analysis, errors, functional-stylistic staining.

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ тілі сабағында мәтін талдауда жіберілетін қателіктер мен оларды болдырмау жолдары, қателіктердің туындау себептерін зерттеудің нәтижелері ұсынылады.

Аннотация

В этой статье представлены результаты исследование ошибок, допущенных при анализе текста на уроке казахского языка, и способы их устранения, причины возникновения ошибок.

Annotation

This article presents the results of study of the mistakes that were made during the text analysis in Kazakh Language

classes and ways of elimination of these mistakes, causes of these mistakes.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 10-сыныпты бітірушілер қазақ тілі (Т1) пәнінен сыртқы жиынтық бағалау сынағын тапсыратыны белгілі. Сынақ екі компоненттен тұрады, **бірінші компоненттегі жұмыстың бір түрі** – екі мәтінді салыстырып, олардың тілі мен стилін, формасын, ұқсастығы мен айырмашылығына талдау және ауызекі стильдегі мәтінді талдау. Мектептегі сынама емтихан алу кезінде жұмыстың осы түрінен оқушылар көптеген қателіктер жіберетіндіктен және оларды болдырмау мақсатында зерттеу жұмысын жүргізу мәселесі туындады.

Әрине, тіл білімінде мәтін лингвистикасы – 20-ғасырдың ортасында бастау алып дамыған жас сала. *«...қазақ тіл білімінде көптеген жаңа ізденістерге арқау болып отырған мәтін проблемасы әр қырынан зерттелуде. Түрлі жанрда жазылған мәтіндер қазіргі лингвистиканың негізгі зерттеу нысанасына айналып отыр. Дайын мәтінге тілдік талдау жасау мен мәтіннің туындауына тоқталу – екі түрлі бағдар, оның ішінде мәтінге лингвотекстологиялық талдау жасау өз алдына жеке, көп дайындықты қажет ететін зерттеу бағыты»* /1; 34/.

Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың жұмыстарында көп орын алатын қателіктерін төмендегідей топтап, олардың туындау себептерін анықтадық:

1. Қыстырма сөздер мен шылау сөздерді ажырата алмайды және қыстырма сөздердің қолданылу мақсатын анықтауда сөйлеушінің

(жазушының) коммуникативтік ниетін аңғара алмайды, мысалы,

- **Қате жауап:** «менің білуімше, менің көргеніме қарағанда» қыстырма сөздері түрлі көзқарастарды білдіру мақсатында берілген» дейді.
- **Дұрыс жауап:** «менің білуімше, менің көргеніме қарағанда» қыстырма сөздерін қолдану арқылы айтушы белгілі болған немесе ой елегінен өткізілген фактілер, оқиғалар туралы хабарды ұсынып тұр».

2. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер, идиомалардың қоланылу мақсатын айқындауда қателіктерге бой алдырады:

- **Қате жауап:** «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Көп түкірсе – көл» деген мақал-мәтелдерді жазушы көркем мәтінді әсерлі ету үшін қолданған».
- **Дұрыс жауап:** Мақал-мәтелдерді қолдану арқылы айтушы өмірді тәжірибемен және әмбебап біліммен шендестіре отырып, жинақталған ақпарат береді.
- **Қате жауап:** «Ынтымақ – елдің ырысы», «Үкілі үміттерді үзбейік» деген сөйлемдерде **ү** және **ы** дыбыстарында үндескен ассонанстар кездеседі.
- **Дұрысы:** Жазушы ассонансты көркем сөздің ажарын келтіріп, оқырмандардың назарын аудартатын фонетикалық-стилистикалық амал-тәсілдердің бірі ретінде қолданған.

3. Жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің синтаксистік стилистикалық қолданысы мен мағыналық қатынасын ашуда жалпылама

талдайды:

- **Қате жауап:** «Компьютер – адамға көмекші құрал, бірақ ол сенің өмірлік серігің емес» деген құрмалас сөйлемді күрделі ойды білдіру үшін берген.

- **Дұрысы:** автор қарсылықты салалас арқылы мәселені бір бағытта ғана алмай, баламалы жағын да қарастырып, зиянды әрекеттерден сақтандыру үшін қолданған.

- **Қате:** «Ет сасыса тұз себеміз, тұз сасыса не себеміз?» дегендей құқық қорғау қызметкерлерінің басбұзарлық әрекеттерге шімірікпей баруын қалай түсінеміз?» деген риторикалық сөйлемде автор оқырманға ой тастайды.

- **Дұрысы:** Автор риторикалық сұраулы сөйлем арқылы оқырманның назарын белгілі бір мәселеге аудартып, келесі сөйлемдердегі әлдебір бағдарлы жауаптарға меңзеп тұр.

- **Қате:** «Қырағылық. Күш-қуат. Шапшаңдық. Қазақстан.» деген атаулы сөйлемдер сапаны атап көрсету үшін қолданылған.

- **Дұрысы:** Атаулы сөйлемді жазушы бейбітшілік пен тұрақтылықты, саясат пен қоғамның тығыз беріктігін атап көрсету мақсатында пайдаланған.

- **Қате жауап:** Сонда, сағат алтыда, кейін, кешке мезгіл мәнді сөздер кездеседі деп жалпылама атап кетеді.

- **Дұрыс жауап:** Мезгіл мәнді сөздер оқиғалар арасындағы мерзімдік қатынастарды ашып көрсетіп тұр.

4. Көркемдегіш құралдардың қолданылу

мақсатын айқындауда нақтылық жоқ:

- **Қате жауап:** «Қоқыстың да өз үйі бар» деген сөйлемде кейіптеу тәсілі арқылы жансызды жанды қылып көрсеткен.
- **Дұрысы:** Автор жансызды жанды қыла отырып, затқа деген қатынасты айқындап, өзгеше деңгейде ойлауға жетелейді.
- **Қате:** «Ел жүрегі дауыс береді» деген сөйлемде метонимия оқырманға әсерлі болу үшін қолданылған.
- **Дұрысы:** Метонимияда өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану арқылы оқырманның зердесін өзіне қарату мақсатында пайдаланылған.
- **Қате:** «Күннің ыстықтығынан аспан жерге түсіп тұр» деген сөйлемде гиперболаны әсірелеу мақсатында қолданылған.
- **Дұрысы:** Автор гиперболаны қолдану арқылы бейнелердің ашық та мәнерлі көрінуіне, алға шығып айқын байқалуына жағдай жасаған.

Қателіктер не себепті жіберіледі?

Біріншіден, оқушылардың мәнерлі, мазмұнды, экспрессиялы, бейнелі, әсерлі әлеуметтік мәтіндердің жасалуының негіздерін жете түсінбеуінен, оның лингвомәдени ерекшеліктеріне көңіл бөлмеуінен болып отыр.

Екіншіден, оқушылардың мәтін талдауға сай ғылыми стильдегі тілдік сауаттылықтарының толық қалыптаспауынан жалпыламалыққа бой алдырған.

Үшіншіден, білім алушылардың мәтін лингвистикасының негізгі мәселелер мен ұғымдарын, мәтін тадаудың теориясы мен әдістемесін жетік

меңгермеуінің салдарынан.

Төртіншіден, мәтінді талдаудың негізгі аспектілері – лингвистикалық-түсіндірме қазіргі қазақ әдеби тілін қазіргі әдеби нормамен шендестіру тұрғысында тілдік бірліктердің функциялық-стильдік және стилистикалық бояуын толыққанды қарастыра алмауынан деп шештік.

«Мәтін» (текст) сөзінің этимологиясы латынның «texo» – «тоқимын», «тігемін», «өремін» етістігіне ұштасады, textus – «мата», («ткань») дегенді білдіреді (орыстың «текстиль» сөзін еске алайық»). Басқаша айтқанда, «мәтін» сөзі семантикасының негізінде «тігу», «өру» метафорасы жатыр. [2,6] Сондықтан төл тілімізде жатық өрілген мәтіннің табиғатын терең түсініп, **оқушыға бағдарламаға сәйкес оқу материалын толыққанды меңгерту – әрбір тіл маманының міндеті.**

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар: Оқуқұралы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. -160 б.
2. Жармакин О. Қ., Мағзұмов Қ. Б. Мәтінлингвистикасы. Павлодар :Кереку, 2011. – 84 б.

ЖАҢА ОҚУЛЫҚҚА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Ұстаздың өскелең ұрпаққа білім беру құбылнамасы – оқулық. Ал оқу құралы өз кезегінде пән бағдарламасына негізделе құрылады. Оқулықтағы материалдар теориялық, практикалық жағынан неғұрлым өмірдің өз талабынан, қажеттілігінен туып отырса, оқушылар алатын білім сапасы да соғұрлым терең де, тиянақты болады. Болашақ ұстаз бағдарлама көлемінде туған тілінен теориялық, практикалық білімнің жеткілікті деңгейде қалыптасуы үшін оқулық пен оқу құралдарының көп болуы, яғни білім деңгейі түрліше оқушылардың қайсы оқулықты пайдалануы қазіргі таңның талап-тілегінен туындап отырған қажеттілік.

Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. Оқулық та, оқу құралы да ғылыми еңбек болмағанымен, оның ғылыми жұмыстардың басқа түрлерінен біраз ерекшелігі, өзгешеліктері бар. Егер ғылымның іздейтіні жаңалық ашу болса, оқу құралдары негізінде ғылым ашқан жаңалыққа сүйенеді. Шешімі табылған көптеген қағидаларды баяндауды, соларды талдап түсіндіруді

көздейді.

Соңғы жылдары білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатындағы жаңартылған білім мазмұнына кезең-кезеңмен көшу жұмыстарын бастады. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым жетілдіруге бағытталған. Осы төрт дағды оқу жоспарында **«Шиыршық әдісімен»** орналастырылған және бір-бірімен етене байланысты. Ол дегеніміз сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Осы орайда жаңартылған білім мазмұны аясында қызмет атқарып жүрген ұстаз ретінде, сол бір «Шиыршық әдісінің» қазіргі оқулықта сақталмағандығы жөнінде айта келе, 2017 жылы Көкжиек – Горизонт баспасынан жарық көрген «Қазақ тілі» 5-сынып оқулығына қатысты айтар ұсыныстарым, жаңаша көзқарасым төмендегідей:

– біріншіден, оқулықта грамматика жүйелі берілсе, бірізділік сақталса, мәселен, оқулық тәуелдік жалғауының жекеше түрінен басталады. Содан соң жалқы және жалпы есім, зат есім, сын есім, жіктік жалғауы, есімдік, болымды және болымсыз етістік тағы басқа жалғаса береді.

Ал, қазақ тілін оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерер болсақ, бесінші сыныпта тіл білімі салаларының ішіндегі фонетика саласы игерілгені дұрыс деп білемін. (Өте дұрыс – ред.)

Бастауыш сыныпта тіл, әріп, дыбыс, әліпби туралы жалпылама, үстіртін білім алған оқушы, оның ішінде өзге тілде оқитын сыныптар үшін тіліміздің

әрбір саласын толығырақ игерту, оқытудың маңызы өте зор.

– **екіншіден**, оқулықта грамматика ережелерімен толық берілмегендігін байқауға болады, яғни 5-бетте тәуелдік жалғауының жекеше түрі берілген. **Ережесі жазылмаған.** Кез келген грамматикалық тақырыптың толық ережесі, бірнеше мысалымен ерекшеленіп берілуі қажет. Тапсырмалардың да аталған грамматикаға сәйкестендіріп берілгені жөн. Оқушы көп жағдайда көзбен көргенін есте жақсы сақтайды. Сонымен қатар, тапсырмаларды өздеріне орындату арқылы ұтымды нәтижеге қол жеткізуге болады. **Тағы бір ескеретін жайт**, ата-аналар үй тапсырмасын орындап көмектескенде, оқулықтан сыныпта өткен тақырыпқа мән береді. Егер тақырыпқа сәйкес ереже тұрса, жаттығуларды соған сәйкес алса, үй жұмысын орындауда аса қиындық туғызбасы анық.

Жалпы алғанда, **қазақ тілі оқулығы грамматикаға негізделіп жасалуы керек деп ойлаймын.** Яғни, негізгі тақырыптар грамматика болуы тиіс. Әрбір пәннің аты айтып тұрғандай зерттеу, үйрету, оқыту объектілері бар. Қазақ тілі пәнінің негізгі мақсаты – оқушыларға тіл ережелерін, ерекшеліктерін, сауатты оқып, сауатты жаза алу, тілдік нормаларды сақтай білуге үйрету. Мысалы: 5-сыныпта **Фонетика саласы алынса,**

1 тарау – «Фонетика туралы түсінік»

1-тақырып. Фонетика туралы жалпы түсінік.

2-тақырып. Дыбыс туралы ұғым.

3-тақырып. Сөйлеу мүшелері және олардың тіл дыбыстарын жасаудағы қызметі.

4-тақырып. Дыбыс.

5-тақырып. Әріп.

6-тақырып. Фонема.

II тарау – «Қазақ тілі дыбыстарының құрамы, түрлері»

1-тақырып. Дауысты дыбыстар. Вокализм.

2-тақырып. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар.

3-тақырып. Ашық және қысаң дауысты дыбыстар.

4-тақырып. Еріндік және езулік дауысты дыбыстар.

5-тақырып. Дауыссыз дыбыстар. Консонантизм.

6-тақырып. Дауыссыз дыбыстардың үннің қатысына қарай жіктелуі.

7-тақырып. Дауыссыз дыбыстардың жасалу тәсіліне қарай жіктелуі.

Кез елген елдің өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. **Болашағымыз білімді болса, халықтың келешегі бұлыққыр болмайды** дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – осы күннің негізгі талабы да міндеті. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Жаңартылған білім мазмұны – болашақтың кепілі. Егеменді де еңселі мемлекетпіз, енді жүйелі білім беру міндеті ғана тұр. Бұл міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін парыз.

Дегенмен, оқулық жазып, оқулыққа авторлық құқығын алып отырғандар, қазақ тілінің тілдік заңы қай уақытта да өзгермейді. Сондықтанда,

оқулықты анау А.Байтұрсыновтар заманынан нәрін алып келе жатқан қазақ тілі заңдылығына сүйеніп жасаса екен..!

Білім мазмұнын жаңарту бағдарламасы толық енгеннен кейін, оқушының білім деңгейінің көтерілуімен қатар, мұғалімдер қауымының беделі бұрынғыдан да жоғарылай берері анық.



Б. Т. МУРЫНБАЕВА,
№187 М.Шоқай атындағы
орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
Қызылорда қаласы

**МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ
“ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ”
ХИКАЯТЫН БАСҚА
ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН
САЛЫСТЫРЫП ОҚЫТУ
ЖӘНЕ
ӘДЕБИ ТЕОРИЯЛЫҚ
ҰҒЫМДАРДЫ ҮЙРЕТУ**

Мұхтар Әуезовтің шығармашылық жолы 1917 жылдан басталады. Оның алғашқы қаламынан туған шығармалық еңбегі – «Адамдық негізі – әйел» деген көсемсөз бен «Еңлік-Кебек» трагедиясы.

Проза саласында, яғни қара сөзбен жазылған шығармаларының басы – «Қорғансыздың күні» әңгімесі. Бұл әңгіме 1921 жылы жазылған. Осыдан бастап проза саласында өнімді еңбек ете бастайды.

«Қараш-қараш оқиғасы» хикаятын 1927 жылы жазды.

Шығарманың оқиғасы қазақ кедейлерінің тұрмыс-тіршілігінен алынып жазылады. 1936 жылы «Қараш-қараш» деген атпен жинақ болып басылып шығады.

«Қараш-қараш оқиғасы» хикаятының негізгі мазмұны Қозыбақ аулының бай жуандары Сәт пен

Сәлменнің Бақтығұлға жасаған зорлық-зомбылығы мен қиянатынан басталады. Осы зорлықтан, тепкіден жан сақтауға тырысқан Бақтығұл Шалқардың болысы Жаныстың дәулетті байы, ең мықтысы Жарасбайға барып паналайды. Бірақ аз күнгі бас сауғалаған тыныштық ұзаққа бармайды. Ел арасының өзара тартысы, болыстық сайлаудың ылаңы Бақтығұлды күштеп бұзық істерге араластырып жібереді. Оқиға осылай өрбіп, әрі қарай дамып кете береді.

Шығарманың негізгі кейіпкері Бақтығұлдың шытырман оқиғалы, қилы-қилы тағдыры тілсіз сезімге тіл бітіріп, сөз сиқыры мен шеберлік күші арқылы нанымды суреттеледі. Еті тірі кедей жігіт өзінің осындай сүреңсіз тағдырына көндікпейді, күрес жолына түседі. Ұрлыққа беріліп, айлалы да жырынды қарақшыға айналады. Бұдан ол опа таба алмайды. Сондықтан адал кәсіппен күн көруді ойлайды.

Бақтығұл нағашылары Сәт пен Сәлменнен қол үзіп, бүкіл Қозыбақ аулынан аяғын тартып түңіліп кетеді. Бұрынғы жасаған ұрлығын Сәт пен Сәлменнен алған өш пен кегім деп ойлайды. Бақтығұл ұрлықты адал ақысын, маңдай терін қайтарудың жолы деп түсінеді. Сол үшін Қозыбақ аулын торып, боз биені ұрлап әкеліп, Қақпақ тастың түбіне әкеліп сояды. Әйелі Қатша от тұтатып, майлы көк бауырды және тағы бір кесек етті отқа тастап пісіреді. *Осы тұста «Бүркітші» әңгімесіндегі Бекболдың қарақшы Сәтбекті іздеп табатын әдіс-айласын оқушылардың есіне түсіремін.*

«Ожардың ет-бауырына жарыса келіп тірелетін екі шатқал әдемі көрінеді екен. Ендігі сүзгені қарағай еді. Ені тар болса да, көлбей созылған қалың қарағайдың

сол жақ шетінен түсіп түре қарап тұр еді. Дәл өзінің тұсына тақай бергенде, бір қалың біткен шоқ қарағайдың үстіңгі жағында болымсыз ғана бір белгі елес еткендей болды. Болар-болмас қана білінген көкшіл буалдыр өзге мұнардан гәрі қоюырақ. Және қозғалған тәрізденіп ырғалып толқып баяу ғана сейіледі.

– Әй, түтін. Түтін-ақ осы ...»

Қатшаның от жағуы сырт көзге берілген белгідей екендігін ұлы жазушы «аштық ақыл ойлатпады», Бактығұл түтіннен біреу сезіктенер деп ойласа да, әйеліне «қой деген жоқ» деп суреттейді.

Осы жағдай Сәлмен сөзінде де дәлелденеді.

«Бір бозға мініп, бір бозды қосарға алып, осы желкедегі қарағайға келіп кірген жалғыз аттыны көрген бар. Кейін сенің қора тасыңнан жіңішкелеп шыққан түтінді де көріпті сол айтушы.»

Сәлмен мен Бақтығұлдың осы тұстағы сөйлеген сөздерін сабақ үстінде оқушыларды рөлге бөліп оқыттым. Бұл әдісті сабақты сұрау кезінде де оқушыларды рөлге бөліп ойнаттым. Мұның өзі сахналық көріністерді оқушыларға үйретудің бір жолы болып табылса, әдебиеттің жанрынан қысқаша мағлұмат берудің әдісі ретінде пайдаландым.

Осы оқулық бетіндегі екі адамның сөйлескен сөздері **диалог екенін айтып**, әдебиеттің теориялық ұғымын еске салып қайталап отырамын.

Әдебиет дәптеріне кейбір жеке сөздерді «**боз**», «**күрең**», «**құныкер**», «**сартөсек**» деген сөздерді жаздырып, олардың мағынасын түсіндіріп отырамын.

«**Сырым мен Малайсары**» деген тақырыпта кездесетін «**ұрының құны жарты құн**» дегенді еске

саламын. Бұрындары бір адамның құны жүз қара болып белгіленіп, ал ұрының құны елу қара, яғни жарты құн деп есептелген.

Сәлмен мен Бақтығұлдың сөзі арқылы оқушылар бүкіл Бақтығұл өмірін және отбасы тарихын анық көреді. 16 жасынан 36 жасына дейін, өткен жылдың күзіне дейінгі уақытқа дейін Сәлмен мен Сәттің жылқысының соңында жүріп, тесік өкпе жалшысы болғаны айтылады.

Қатшаның 12 жыл Сәлмен мен Сәттің шешесі Қызыл бәйбішенің күңі болып, бір сабақ жіп алмастан шыққаны баяндалады.

Қанша реті дұрыс болғанмен қаңғыған қу кедей Бақтығұл Сәлменге қарсы тұра алмайды.

Інісі Тектіғұлды соққыға жығып, сартөсек етіп, алты ай жатқызған, жиырма жыл босағасында құл қылып ұстаған Сәлмен оның өліміне мән бермейді.

Бақтығұл есесін ала алмай, зорлық пен қара күштің сойылына жығылады.

Қарсыласқан Бақтығұлды *«Сәлмен оң қолында бүктеп отырған» сары ала қамшымен бастан шапшаң тартып жіберіп, әкеден құлдилатып боқтай жөнеледі. Дәл мұндай жаза Бақтығұлдың қатын-бала «көзінде көрмесем дейтін ажал еді».*

Бақтығұл не болса да қарсыласып өлуді тілейді. Сейттің жан ұшырып ара түсуі әке жанын өртеп жібергендей болды. *«Қайың көсеуді жұлып ала, Сәлменді қақ бастан тарс-тұрс періп жіберді».* Осы баяндауларды жазушы Бақтығұлдың ішкі сезімін, ашу-ызасын, қорланған намысын бүкіл отбасымен байланыстыра көрсетеді.

Бақтығұл – өте намысқой адам. Баласы Сейіт пен әйелі Қатшаның көзінше таяқ жеп, боқтық сөз естуі сүйегін сындырады, намысын өртейді. Мұның үстіне *«ағам Сәттің болыстығы рас болса, мәрін бастырып, осы келген он кісіні куә ғып пұртәкөлдеп, Бақтығұлға абақты кескіземін, жер аударам, Итжеккенге жіберіп, сонда шірітемін!»* – десіпті деген сөзі Бақтығұлдың үрейін ұшырады.

Бақтығұл ажалдан қорықпаса да, абақтыдан, оның кара шойын есігінің сұлбасынан өлердей қорқады.

Бақтығұл монологы ішкі сезімді толқынды басып сыртқа шығады.

«Мұншалық қорлыққа жеткізді-ау! Жалғыз рет тұяқ серіпкен қарсылығым. Панасыздың көрері осындай итшілік күн болмай, не болушы еді!.. Барымды беріп, құл болсаң да, кешегі Сәлмен айтқан кеселден сақтап қалар біреудің қолтығына кірмеске лаж жоқ.»

Осы жағдай Шалқар болысы Жарасбайдың қолтығына тығылуға мәжбүр етеді.

Шығармада Бақтығұл бейнесі Бақтығұлдың портреті арқылы ерекшеленіп, даралана түседі.

«Мұның інісі Тектіғұл анығында бойы биік, кеудесі талыстай дейтін, қол-сирағы ұзын да сом біткен атан жілік азамат еді. Бақтығұл өзі де кесек, балуан денелі, иықты, кеуделі келген де, інісі Тектіғұл бұдан бойға биік, бар сүйегі балғын болатын.»

Осы салыстырулардан Бақтығұлдың қандай адам екенін оқушылар білгендей болады.

Мұнан әрі *«Дөң жайлаудың кер белеңін өрмелеп келе жатқанда, Бақтығұлдың бойына тың қайрат жиналады. Шаршаған, қажыған, тоңған денесі*

ширыға сілкініп алды... Бойы сергіп алған соң, Бақтыгүл ер үстінде көтеріліп, етегін жинап, түзеліңкіреп отырады».

«Қой торыған бөрідей енді жұтынып алған дөңселек денесі анда-санда маңайды болжағанда, алды-арты, жан-жағына шапшаң бұрылды. Барлық қозғалысына ұршықтай үйірілген жіті сергектік пайда болған. Кішкене қысық көздері жауынды түнді тіліп өткендей. Енді жылқыға оқ бойындай жақындап келеді.

Басынан бөркін алып, шошақ ердің қасына ілді,» – деп, жазушы Бақтыгүлдың іс-әрекетін суыртпақтап суреттеп береді.

Оқушыларға Бақтыгүл портретін оқулықтан өздеріне таптыртып, оқытып, әдебиет дәптерлеріне түсіртіп отырамын.

Бақтыгүл бейнесі Бақтыгүл портреті арқылы өсіп дами түседі.

«Қалың тік қара мұрттың астынан сәл сүйсінгендей жымияды да үндемейді. Бақтыгүл бойын мең-зең ғып ауыр салмақпен басқан ұйқыдан көзін зорға ашты. Екі көзі қып-қызыл болып қанталап, жақындағы қызыл жалынмен ірең салыстырғандай жалт-жұлт етті.»

Оқушыларға жүрістен қажып ат үстінде соғылған Бақтыгүлдың қазіргі күйі өз-өзінен түсінікті болу үшін сұрақтар қою арқылы түсіндіріп отырдым.

1. – Бақтыгүл портретінен біз оның қандай адам екенін, қандай іс-әрекетпен айналысқанын біле аламыз?

2. Бақтыгүл портретін толықтыра түсетін тағы қандай жанама кейіпкерлердің портретін табуға

болады?

Оқушылар дағдысы бойынша оқулықтан *«Түстері суық. Қозыбақ аулының жігіттері. Сырт ажары. Сызданған жүздерінен өңшең нағыз асқақ содыр топтай. Солардың арасында теке сары сақалды, бітік көзді ұзын тәйтөк сөздер сөйлеп кірді. Келген топтың басшысы Сәлменнің белдігі бар. Өзі қиылған қара мұртты, танауы, ежірейген үлкен қара көздері шаншыла қарайтын, аласа бойлы қара жігіт көп іркілмей сөз бастады»* деген жолдарды оқып беріп, түсініктерін айтып жауап берді.

Шығарманы оқытқанда, кейіпкер портреті оның әрбір іс-әрекетін толық баяндап, жанды суреттеу оқушыларды өзіне тарта түседі.

«Біңқылдап көзін ашқанда, қасында бүкшейіп, екі көзін ыстық жаспен ісірген күйде өзіне үңіле қарап отырған әйелін көрді.Түсі сұрланып жүдей түскен. Бақтыгұлдың екі көзі ісіп кеткен. Бетінің әр жері көгеріпті.Шекесі жарылған екен. Сейіт жылап отыр».

Бұл үзіндіден Сәлменнің салған ылаңы айқын көрінеді.

Мұнан басқа оқушыларға кейіпкер бейнесін ашу үшін табиғат суреттерін түсіндіруге үнемі көңіл бөліп отырамын.

«Күн ұлы сәске кезі. Тауды жүндес бөстектей орай басқан көкшіл қалың қарағай. Ар жағы қалың-қалың заңғар биік, серейген тектұр қызыл тастар. Тылсым бугандай жым-жырт күйде мелішіп қатып тұр. Буалдыр күңгірт күздің қазіргі күні кірлегендей болып салбырап, кіржиіп тұр.Сұр тонды, сұр түсті жүдеу мерген сұр тас пен түнерген аспанның түсіне

баялып қалың жым-жырттыққа қоса батқандай. Бұғады да ақырын ғана қыбырлайды. Дәл тамағынның астындағы бір жеке шоқша басында үш арқар секиіп тұр екен. Бірі – құлжа, екеуі – ешкі.

Төселе қадалып келе жатқан қара шиті қарауылы құлжаның көк желкесіне іліне бере-ақ гүрс етті. Тастың басында көк түтін бұрқ етті де, ырғалып толқып қалып серпіле берді. Сол кезде ақ таңдақ қоңыр құлжаның қиралаң етіп, алдындағы тастан кеудесін асыра алмай, сүйретіле құлап түскені көрінді».

Осы табиғат көрінісінде шығарма оқиғасының шешіміне байланыстылық туындап жатқанын оқушыларға айтып түсіндіре отырып, оқулықтағы мәтіннен үзінділерді таптыру арқылы дәлелдеп отырдым.

«Күз аспаны кірлеп, мұнартып, алыстағы қарлы биіктердің басына сәлдедей бұлт оралып, томсарып, сұрланып тұр. Дүние иесіз-елсіз жым-жырт. Сарымсақтының қарағайлы шоқысы үрпейіп тұр. Соның күн батысынан оның ернеу жолы көрінді. Орта Қараштың Асы жақтағы кезеңінен асып келе жатқан 10-15 атты көрінді. Араларында жақсы киінген әйелдер бар. Ақ күміс ер-тоқымдар жарқ-жұрқ етеді. Үлкен топтың қалың ортасында ақжал шабдарға мінген толық денелі біреу келеді. Бақтыгұл керек кісісін әбден көріп, белгілеп алды. Енді азғана уақыт қалды. Әлденеден денесі тоңазып, демі дірілдеп, қабағын түйіп түксііп, Ожардың басына қарады. Мұз тау мұның ішіне мұздай қайрат кіргізді. Асыққан қол дайындап ұстап отырған қаруды сығымдап қысып қойды. Күздің салқын күнінде тоңазып, көк темір суық

күйге тіл қосқандай болды. Шабдар қатарға келіп, енді ырғалып қиыс өте берді. Сол уақытта асығып тұрған саусақ жіңішке суық темірді нығыздап қысып қалғанда, қарғыс оғы гүрс етті. Көк шұғамен тысталған тұлкі ішіктің жонында теңгедей жерде селдір көк түтін үйіліп бықсып қалды. Шабдар мылтық даусынан үркіп атып кеткенде денелі болыс шіреніп барып шалқасынан құлап түсті.

«Мен бүгін бір бұғы атып келемін», – деп мұрт астынан нығыз жымыып өте берді...»

Осы табиғаттың шығармада берген екі суретінде кейіпкердің ішкі сезімімен, жан дүниесімен бірге соққан жүрек лүпілінің, тұрмыс-тіршілігінің сабақтасып жатқанын айтып түсіндіремін.

Табиғатты адам психологиясымен, мінез-құлқымен, ішкі сезім дүниесімен байланыстыру Әуезовтің мектеп көлемінде оқыған барлық шығармаларында жүйелілікпен беріліп отырады.

«Көксерек» әңгімесінде «Күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағзы жоқ болып шықты. Бұл жолғысы шын болды. Жарық айлы түнде тұмсығынан бұрқырап бу шығады.

Жотадан жотаға тартты. Тау желкесіндегі боз қарағанды қарлы адырдан әрлі-берлі жүріп көп аңдыды.

Күдірейген жоталы, ашулы Көксерек тағзы да жортуылға шықты. Белгілі жемтік біткеніне екі күн болған. Содан бері аш еді. Жорта-жорта баяғы Қараадырдан шықты».

Осы суреттеуден Көксеректің ауылдан кеткен тұсы мен соңғы кезгі тұсын оқушылар ажыратып, екеуінде екі түрлі әрекет жатқанын баяндайды.

Ал жоғарғы «Қараш-қараш оқиғасы» хикаятындағы екі табиғат суреті Бақтығұлдың Жарасбаймен арадағы қарым-қатынасын көрсетіп, сенген адамының опасыздығы мен қиянатына қарсы жасалған қимылы екенін оқушыларға салыстыра баяндадым. Бірінде жыртқыш айуан көрсетілсе, бірінде кек қайтарудан басқа жолы қалмаған Бақтығұлды көрсетеді. Мұнан соң оқушыларға Жарасбайдың мінезін таныту үшін **Жарасбайдың портретін** пайдаландым.

«Жарасбай – құр ғана болыс емес. Әрі бай, ерте күннен ұлыққа беделді, саудасы да бар; «ер,мықты» деп көпке аты жайылған адам. Арқар өңгерген Бақтығұл қораның алдына келіп сәлем бергенде, болыс арқарға көз салып, сәлемді жылы шыраймен алды. Ұзын бойлы, қызыл жүзді семіз болыс, басына сусар бөркін киіп, ақ елтірі ішікпен, қыж-қыж қайнап, қызара бөртіп, ажарланып тұр екен. Мұның жасы Бақтығұлмен шамалас: 35-37 мәлішерінде. Қасында қошеметші екі ақсақал мен жеті жасар үлкен баласы, бірен-саран кедей-кепіш, малышы-көріші тұр.»

Бақтығұлды басында осылай қабылдаған Жарасбай мұнан әрі жылылық таныта түседі.

«Болыс отырған үлкен тамға шам жағылған. Іші жылы, жарастығы жайлы екен. Есіктен төрге шейін жайылған қызыл кілем. Жыртық киіз үйде арқасынан суық өтіп, бүрсеңдеп жүретін Бақтығұлға мынау үй, бір қонып кетер болса да, үлкен сый сияқтанды.

Жарасбай бұған сәл жылы ұшырай түсті.

– Жарайды, сөз жетерлік болды. Бұл дегеніңнің бәрін мен мақұл көрдім.

Қозыбақ аулы сенің ғана дұшпаның емес. Қорықпа,

Қозықбақ алмайды, құдай алады жаныңды, – деді.

Сонымен болыс аулынан тапқан олжасына ырза болған Бақтығұл аяңдап үйіне қайтты».

Қалтарысы да айла әрекеті мол зымиян **Жарасбай Бақтығұлдың аңқаулығын, сенгіштігін осындай алдамшы шырай танытып бауырына тартқанын** оқушыларға айтып түсіндірдім. Бұл Жарасбайдың бір қыры екендігін таныттым.

Жарасбайдың екінші қырын тану үшін Жарасбайдың мына сөздерін оқушылардың дәптеріне жаздыртып, түсіндіріп отырдым.

«Мынау елдің пәлесі тыйылар түрі жоқ. Сен қасыңа он жігітті таңдап ал да, бүгін кешке барымтаға аттанып барып, тапсаң, Сәлмен мен Сәттің дәл өзінен, ұшыраса алмасаң, иісі Қозыбақтың бірінен, айтеуір, бір айғыр үйір жылқы айдап кел, – деді.

– Батыр-батыр-ау, бірақ, болыс, мені осы жолға жұмсамасаң қайтеді? Көргенім аз емес еді ғой. Сақтансам ба деп едім. Менің Сәт, Сәлменмен ұстасар шамам бар ма еді, – деп тартынып көріп еді.

Бірақ болыс бұған ырық берген жоқ.

– Сәт ата жауың еді, бабыңа келтіріп қосқалы тұрғам жоқ па? Және түбінің жауабы сенде ме, менде емес пе еді? Сен іркілетін қисын жоқ. Саған келген пәле – менікі».

Бақтығұлға осылай уәде беріп, бұзық жолға қайта салып, адал жанды қайта адастырса, кейінен Бақтығұлды қылмысты етіп, жанған отқа қарай өз қолымен итереді. Бақтығұлдың бұл тірлікте қорқатын тажалы абақтыға өз қолымен кесік кеседі. Жарасбайдың осы екі жүзділігі Жарасбай өлімінің негізгі түйіні

болып табылады. **Жарасбайға мінездеме жасағанда. оқулықтағы Жарасбайдың қаталдығын аша түсетін жерлерін тауып жаздырттым.**

«Бірақ бұрынғыдай емес көп ортасындағы болыстың түсі Бақтығұлға суықтау. Сырт қарап қалған тәрізді. Сәлемін зорға алды, амандықты дауыстап сұраған да жоқ. Ендігі сөзін бастар жерден қатаң тастап, ұрыса келіп, аяғында айтқаны:

– Әй, Бақтығұл, сен шек білмей, асып кетіпсің. Жамандықты жақтамас деп сенген мен жүрсем, сыртымнан мені былғап жүріпсің. Мен саған не қылған кісімін? – деді.

Енді Бақтығұл шынын айтса да, болыстың өңі жылымай отыр.

Аяғында болыс аз үнсіз томсарып отырды да, жаңағы қатаң үнмен әмір етті:

– Қазір мына мал иесі аулыңа барады. Төрт жылқысына төрт жуан татымды төлеу бересің де, соған қосып: басына-қосақ, артына-тіркеу есебінде айыбыңа тағы бір ат, бір түйе тартасың, – деді. Бақтығұлға кесік батып кетті.» Бұл Жарасбайдың жауыздығының алғашқы көрінісі ғана болатын. Мұнан әрі шығармадан Жарасбайдың қол шоқпарлары Тоқбаев, Сәрсен, Қоқыш, Қайранбай сияқты атқа мінер жуандардың іс-әрекеттерін, сөйлеген сөздерін таптыртып, **Жарасбайға берілген мінездемені тереңірек аштыра түстім.**

Қара бұжыр, күжірейген жуан мойын Қоқышты Жарасбай Бақтығұлдың ұры екендігін айтуға арнайы жібереді. Қоқыштың куәгерлігімен Бақтығұлға билер бес қараға жуан қара кесік айтып, артынан үш

жыл абақтыға кеседі. Бақтығұл Жарасбай, Сәрсен, Қоқыш, Қайранбайдың қылмысына ақтаушы болып, азапты сапардың құрығы мойнына түседі. Міне, **Бақтығұл бейнесін, мінезін ашуға осындай жанана кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау оқушылардың танымдық білімін жетілдіруге көмектеседі.**

Бақтығұлға мінездеме жасағанда, оның ішкі дүниесін аша түсетін жағдай – монолог.

«Пана таптым, адал жолда еңбекке салындым, соған себеп болды деп сенген кісім бұл еді. Бұл мені қайда, қалай жұмсап отыр?! – деп ұға алмай отыр еді».

«Болыс неге бүйтіп құбылады? Әлде нені сылтау қылып, құйрығын сыртқа салғаны ма? Жоқ, жұртқа әдейі көз қылып отыр ма? Әлде ел көзінше осылай деп, Бақтығұлға жаман атын аударып, мұны тентек қып қойып, өз басын жаманшылықтан ақтамақ бола ма? Олай болса, артынан Бақтығұлды өзі арашалап алмақ шығар.

Солай ету атқамінер – жуанның әдеті еді ғой. Ендеше бетінен алмайын. Қарсы келмей, дегеніне үндемей ғана көнейін деген байлауға келді».

Осы оқулықтан алынған үзінділерден Бақтығұлдың іштей толғанысын, сыртқы тірлігінде іске асыратын мақсаттарын оқушыларға оқытып, ауызша айтқызу арқылы түсіндіріп отырамын. **Бас кейіпкердің тұлғасын толықтыра түсу үшін оның отбасын Жарасбайдың отбасымен салыстырып, оқушыларға жеткіздім.**

Қатшаның портреті арқылы, оның ұстап тұтқан затынан Бақтығұл тұрмысының қаншалықты ауыр

екендігі көрінеді. Болыс үйіне Бақтығұлдың қонғандағы жағдайы осы салыстыруда анықтай түседі. Бұл жерде біз кедей мен байдың айырмашылығын, жоқшылық пен тоқшылықтың нақты бейнесін көргендей боламыз.

«Қараш-қараш оқиғасы» хикаятын оқытқанда, тек қана тақырыбы мен идеясын ғана ашып қоймай, *шығарманың әдеби теориялық ұғымдарын да оқушыларға оқулық арқылы осылай танытып отырдым.*

Мұхтар Әуезов көркем әдебиеттің сөз зергері болумен қатар «Қараш-қараш оқиғасы» хикаяты арқылы қазақ даласының тарихи шындығын Бақтығұл бейнесінде бере білді.

Бақтығұл – Тұрар Рысқұловтың әкесі. Рысқұлдың өмірдегі тұлғасы болатын. Он жасар Сейіт – Тұрардың өзі еді. Тұрар Рысқұлов жайлы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы дүниеге келді. Бұл қазақ халқының кемеңгер ұлы Тұрар Рысқұловқа соғылған көркем әдебиеттегі мәңгі ескерткіш болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Байтұрсынов шығармалары, зерттеулері, өлеңдері, аудармалары «Әдебиет танытқыш» Алматы «Жазушы» баспасы, 1989 жыл.
2. Қ.Ж. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1969 жыл
3. Ә.Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы Алматы 1966 жыл.

4. Ә.Қоңыратбаев «4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1987.

5. М.Әуезов «Әдебиет тарихы» Алматы «Ана тілі» 1991 жыл.

6. Б.Сманов «Кейіпкер бейнесін талдау» «Рауан» Алматы, 1990 жыл.

7. Қ.Ж.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі», «Қазақстан мен көркем әдебиет» баспасы, Алматы 1960 жыл.

8. А.Көшімов «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы Алматы 1969 жыл.

9. М. Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы», Алматы «Атамұра» 2002 жыл.



АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА ҚАЗАҚТА

Сабақтың мақсаты:

Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу. Сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру.

Көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектесу.

Шәкірттерді туған жерге деген сүйіспеншілікке, Отан тыныштығын қорғауға, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру.

Сабақтың әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру, өлең оқу, ән айту, көрініс көрсету.

Сабақтың көрнекілігі: Абай портреті, кітаптар, шығармалары, тірек сызбалар, қанатты сөздер, фотослайдтар, буклеттер, видео.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезең. Психологиялық ахуал.

Оқушыларды шаттық шеңберге тұрғызып, бір-бірлеріне жақсы тілек тілеп, түстер бойынша екі топқа бөліну.

Кіріспе. Мұғалім сөзі:

– Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі тәрбие сағатымыз “Абай – дана, Абай – дара қазақта” атты әдеби кешіміз қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналады. Бұл кеште Абайдың өлеңдері, әндері мен шығармаларының үзінділерімен танысасыздар.

1-жүргізуші:

– Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?
Жырымен жан сусынын қандырған кім?
Өзіне-өзі орнатып ескерткішті,
Мұрағып, кейінгіге қалдырған кім?

Ерте оянып, ойланып, ержеткен кім?
Талабын тас қияға өрлеткен кім?
Құбажан, құрбақан құм, құла қырда,
Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?

2-жүргізуші:

– Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен кім?
Үнінен әділдіктің лебі ескен кім?
Арманын аттандырып келешекке,
Біздермен осы күнгі тілдескен кім?

Тайсалмай, мыңмен жалғыз алысқан кім?
Жауына найза сөзін шанышқан кім?
Өзендей құйған барын көк теңізге,
Лермонтов, Пушкиндермен табысқан кім?

Сахнаға Абай шығады.

– Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ жанмын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

1-жүргізуші:

– Туғаннан дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кіреді денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңменен...

1-оқушы: Айтолқын «Ғылым таппай мақтанба»

2-оқушы: Фариза «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»

3-оқушы: Карина «Әсемпаз болма әр неге»;

4-оқушы: Даниял «Қараңғы түнде тау қалғып»;

5-оқушы: Сабина «Мен боламын демеңдер»;

6-оқушы: Бауыржан «Сен бе жұртқа тұрса да сені қанша мақтап»;

7-оқушы: Нұртілеу «Құр айқай бақырған».

1-топ: Тірек сызбамен жұмыс

Топтастыру стратегиясы



II-топ: Тірек сызба Абайдың шығармаларын топтастырады.



3-оқушы: Фотосуреттерді сөйлету.
Слайд интерактив тақтамен жұмыс.

4-оқушы: Абай туралы сөз (интерактив тақтамен жұмыс)

Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хакім философ кісі еді. Қор елде туды да, қорлықпен өтті.

Шәкәрім.

Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы – соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы.

Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып,

жаңа өріс алып тұр.

Мұхтар Әуезов.

Абай өз заманынан анағұрлым биік тұрған ақын еді.

Ғабит Мүсірепов.

Орыстар үшін – Пушкин, ағылшындар үшін – Шекспир, грузиндер үшін – Руставели.... қандай ұлы құбылыс болса, Абай да – қазақтар үшін сондай теңдессіз құбылыс.

Қайсын Кулиев.

Абай әлемге ашылған терезе еді, оның жаны жаңарып жатқан дүниенің алыстағы сарынын сезе білді.... Гете мен Толстой сынды көптеген заңғар гуманист тұлғалардың далалық бауырласы екенін танытты.

Шыңғыс Айтматов.

Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс.

Нұрсұлтан Назарбаев.

5-оқушы: «Желсіз түнде жарық ай» әнін Заичко Екаторинаның орындалуында тыңдаймыз.

6-оқушы: Абайдың 45 қара сөзінің 17 қара сөзіне құрылған көріністі тамашалаймыз.

Абай шығармашылығына байланысты сұрақтар:

1. Абай алғашқы өлеңдерін қай ақынның атынан жарияланып отырды? (**Көкбай**).

2. Абай туралы ең алғаш мақала жазған кім? (**Әлихан Бөкейханов, 1903 жылы Петербуртта жазған**).

3. Абайдың шын аты кім? (**Ибраһим**).

4. Абайдың қанша күйі бар? Аттарын ата.

(**Үшкүйі бар: «Тоқжанға», «Май түні», Абайдың желдірмесі**).

5. Абайдың аяқталмаған поэмасы. («**Әзім әңгімесі**».)

6. Абай Лермонтовтан қанша шығарма аударған? (**Жиырма жеті шығарма аударған**).

7. Абайдың әжесінің және шешесінің аттарын ата. (**Зере, Ұлжан**.)

8. Ділдәдән туған балалары. (**Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия**).

9. «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев» деп атаған кім? (**Ахмет Байтұрсынов**).

10. Әйгерім кім? Әйгерімнің шын атын ата. (**Абайдың екінші әйелі, шын аты Шүкман**.)

11. Абай өлеңдер жинағы қай жылы басылып шықты және қай қалада? (**1909 жылы Петербуртта**).

12. «Абай жолы» романын кім жазды?

(**Мұхтар Әуезов**).

13. Абай ескерткіші алғаш қай қалада қойылды? (**Алматы қаласында мүсініні – Х. Наурызбай**.)

14. Абай кімге ғашық болды? (**Тоқжанға**)

15. Шәкәрімнің Абайға қандай туыстық жақындылығы болды? (**Абайдың азасының баласы**.)

2-жүргізуші: Көп адам дүниеге бой алдырған,

*Бой алдарын, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма айтыңдаршы,
Өлмей тұғын артында сөз қалдырған.
дей келе, «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты
ашық тәрбие сағаты аяқталды.*



Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс




Б.М. БАЙГАЛИЕВА,
«№104 жалпы білім беретін
мектеп» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Алматы қаласы

**БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННИҢ
“ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ”
ХИКАЯТЫ**

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау.
Сабақ мақсаты	Оқушылардың барлығы: «Шұғаның белгісі» хикаятының сюжеттік-композициялық желісін анықтап, талдайды. Оқушылардың көпшілігі: Хикаятқа сюжеттік-композициялық талдау жасайды. Оқушылардың кейбірі: Хикаяттың сюжеттік-композициялық желісіне өзіндік көзқарас білдіреді.
Бағалау критерийлері	– Хикаяттың сюжеттік-композициялық желісін анықтайды; – Хикаяттың сюжеттік-композициялық желісіне талдау жасайды.

	– Хикаяттың сюжеттік-композициялық желісіне өзіндік көзқарас білдіреді.
О й л а у дағдыларының деңгейлері	Талдау, жинақтау.
Т і л д і к мақсат	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>Байлардың малға мінетін ертоқымы, обашық құндақ, басқұр, ақсүйек, жер-ошақ, сұрлеу, жаппас, т.б.</i> Әдебиет теориясы: жанр, проза, әңгіме, хикаят, пролог, эпилог, сюжеттік желі, композиция.
Құндылықтарға баулу	Зайырлы қоғам және жоғары руханият: Құрмет, ашықтық, ынтымақтастық.
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, қазақ тілі.
Алдыңғы оқу	Проза және хикаяттың поэзиялық шығармалардан айырмашылығын сұрау, адам жанының құпиясы тақырыбына қатысты қандай шығармалар оқығанын сұрау.
Жоспар	

Уақыты	Жоспарланған жаттығулар	ҚБ	Ресурстар
Сабактың басы 7 мин.	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Мұғалім: – Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар!		

<p>Бүгін біздің «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» тақырыбындағы тренингке қош келдіңіздер. Сабағымызды бастау үшін балалар барлығымыз шаттық шеңберіне тұрайық.</p> <p>– Балалар, көңіл күйлеріңіз қандай? «Жан жылуы» ойынын ойнаймыз, қимыл қозғалыс арқылы көрсету <i>Мен сенен жылу аламын;</i> <i>Жүрегіме саламын;</i> <i>Досыма сыйлаймын;</i> <i>Сәттілік тілеймін;</i> Мұғалім сөзі: өте жақсы балалар. – Осындай мейірімді, ақылды, білімді, қайырымды жандарды көргеніме қуаныштымын. Ендеше бір-бірімізге күлімсіреп отырып, бүгінгі сабағымызды жақсы көңіл-күймен бастайық.</p> <p>Топқа бөлу. «Мозаика» әдісі арқылы топқа бөлінеді. (шығармадағы кейіпкерлер суреттерімен) Суреттер (жазушының, қыздың, табиғаттың) ұсынылады. Үй тапсырмасы «Доп» лақтыру әдісі арқылы сұралады.</p>	<p>Оқулық, интербелсенді тақта, смайликтер, www.google.com/search?q=бейімбет+</p>   
--	--

<p>Сабақ ортасы 26 мин.</p>	<p>I. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу. Топқа бөлінген суреттері арқылы «Миға шабуыл» әдісімен тақырыпты ашу. Сабақ мақсатымен таныстыру. <i>1-Тапсырма. Топтық жұмыс. «Джигсо» әдісі</i> арқылы шығарманы оқып, сюжетін анықтайды, әр бөліміне ат қояды. <i>1. Қос жолаушы;</i> <i>2. Сұлу қыз – Шұға;</i> <i>3. Кездесу;</i> <i>4. У ч и т е л ь Әбдірахман;</i> <i>5. Ғашық жүректер;</i> <i>6. Хат;</i> <i>7. Жабылған жала;</i> <i>8. Қоштасу;</i> <i>9. Айықпас дерт;</i> <i>10. Соңғы хат;</i> <i>11. Белгі.</i></p>	<p>«Лайк» арқылы бір-бірінің көзқарасымен (келісе-мін\ келіспей-мін) бағалайды.</p>	<p>Оқулық кз. «Арман ПВ» баспасы</p>
	<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығарманы оқып, сюжетін анықтайды. • «Шұғаньың белгісі» хикаятының әр бөліміне ат қояды. 		

	<p>Кері байланыс. «Бутерброд» әдісі.</p> <p>2-тапсырма. «Оқиға шыңы» әдісі арқылы композициялық талдау жасайды. Шығарма мазмұнын білгеннен кейін сюжетті-композициялық жоспар құрылады.</p> <p>1.Оқиганың басталуы (оқиганың болатын орны, мерзімі) (экспозициясы). Әдемі табиғат, әсем пейзаж. <i>Алыстан көрінген обашық.</i></p> <p>2.Оқиганың дамуы. «тарғыл өгіз сойған» оқигасы. «Шұғаның белгісі» қалай аталады?</p> <p>3.Оқиганың шиеленісуі. <i>Сықырлауықтан сығалаған сұлу сезім.</i></p> <p>4.Оқиганың шарықтау шегі. (кульминация). <i>Шұғаның Әбдірахманды тұңғыш көруі.</i></p> <p>5.Оқиганың шешімі. <i>Үзілген үміт. Соңғы хат.</i></p> <p>Осыдан шығарманың сюжеттік желісі арқылы композициялық талдау жасайды деп күтіледі.</p> <p><i>Оқиганың басталуы:</i></p> <p><i>.....</i></p> <p><i>О қ и з а н ы ң дамуы:.....</i></p> <p><i>Оқиганың шиеленісуі</i></p> <p><i>.....</i></p> <p><i>Оқиганың шарықтау шегі</i></p> <p><i>.....</i></p> <p><i>Оқиганың шешімі</i></p>	
--	--	--

<p>Саралау: «Қарқын» әдісі арқылы қолдауды қажет ететін оқушылар хикаяттың сюжетіне жай жоспар жасайды.</p> <p>«Тапсырма» тәсілі арқылы қабілетті оқушыға әдебиет теориясы мен тілдік мақсатта берілген сөздердің мағынасын ашу.</p> <p>* Обашық – тастан, топырақтан үйін жасалған белгі</p> <p>* Ақсүйек – қазақтың ұлттық ойыны.</p> <p>* Құндақ – зат сынбау, бүлінбеу үшін жасалған қажетті қорап, сауыт.</p> <p>* Басқұр – киіз үйдің ішін безендіру үшін, әрі уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр.</p> <p>Әдебиет теориясы бойынша:</p> <p>* Жанр – түр, тек ұғымдарын береді. Ол әдебиеттің мазмұндық, құрылымдық, пішіндік белгілері ортақ бір түрі деген ұғымда қолданылады.</p>		
--	--	--

<p>*Проза – қара сөзбен жазылған шығармалар.</p> <p>*Композиция – шығарманың құрылымы: басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі.</p> <p>*Пролог – композиция элементі (шарықтау шегі).</p> <p>*Сюжет – оқиға не оқиғалар жиынтығы, әдеби шығармадағы оқиға желісі.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығарма мазмұны бойынша жоспар құрады. • «Оқиға шыңы» арқалы сюжетті-композициялық талдау жасайды. <p>Кері байланыс. «Көршіңе бір сөз таңда» әдісі арқылы.</p> <p>3-тапсырма. Жеке жұмыс. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы хикаяттың сюжеттік-композициялық желісіне өзіндік көзқарас білдіреді.</p> <p>1. – Сонымен шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын қалай жіктейміз?</p>		
--	--	--

	<p>2. – «Шұғаның белгісі» хикаяты неліктен сюжеті қат-қабат шығарма болып саналады?</p> <p>3. – Шұғаның бейнесі арқылы жазушы нені көрсетуді көздейді?</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Сұрақтарға жауап береді.</i> • <i>Өзіндік көзқарасын білдіреді.</i> <p>Кері байланыс. «Келісемін/ келіспеймін»</p>		
<p>Сабақтың соңы</p> <p>7 мин.</p>	<p>Рефлексия «Аяқталмаған сөйлем» әдісі</p> <p><i>Бүгінгі сабақта мен... түсіндім, ...білдім,көзімді жеткіздім.</i></p> <p><i>бүгін сабақта қуантқаны..... мен өзімді.....үшін мақтар едім.</i></p> <p><i>маған ерекше ұнағаны..... сабақтан соң маған.....келді.</i></p> <p><i>бүгін маған.....сәті түсті.</i></p> <p><i>қызықты болғаны.....</i></p> <p><i>.....қиындық тудырды.</i></p> <p><i>менің түсінгенім.....</i></p> <p><i>енді мен.....аламын.</i></p> <p>Бағалау. «Өзін-өзі талдау кестесі» әдісі</p>		<p>Бағалау.</p>

<i>Мен сабақта жұмыс істедім</i>	<i>белсенді / белсенді емес</i>
<i>Мен өзімнің жұмысыма</i>	<i>ри з а м ы н \ р и з а емеспін</i>
<i>Сабақ мен үшін...</i>	<i>қысқа/ұзақ болды</i>
<i>Мен сабақта</i>	<i>ш а р ш а з а н ж о қ п ы н / шаршадым</i>
<i>Менің көңілім</i>	<i>Менің көңілім</i>
<i>Сабақтың мазмұны мен үшін</i>	<i>т ү с і н і к т і \ түсініксіз болды пайдалы/пайдасыз болды</i>
<i>Үй тапсырмасы</i>	<i>қ ы з ы қ т ы / қызықсыз болды жеңіл/ауыр болды</i>
<i>Үйге тапсырма: «Менің хикаяттан алған әсерім» тақырыбында оқушы күнделігін толтырып келу.</i>	





А.Қ. КАПАНОВА,
№ 104 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі,
«ҚР Білім беру ісінің
Құрметті қызметкері»
төс белгісінің иегері.
 Алматы қаласы

Ж. ЖАБАЕВТЫҢ **“СҰРАНШЫ БАТЫР” ДАСТАНЫ**

Оқу мақсаттары:	Шығарманың мазмұны мен идеясын меңгереді, кейіпкерге мінездеме береді, тарихи деректерді жинайды.
С а б а қ мақсаттары:	<p style="text-align: center;">Барлығы орындайды:</p> <p>Шығарманың мазмұны мен идеясын меңгереді, кейіпкерге мінездеме береді, тарихи деректерді жинайды.</p> <p style="text-align: center;">Көпшілігі орындайды:</p> <p>Шығарманың мазмұны мен идеясын меңгереді, кейіпкерге мінездеме береді, тарихи деректерді жинайды, мәтін жазады.</p> <p style="text-align: center;">Кейбірі орындайды:</p> <p>Шығарманың мазмұны мен идеясын меңгереді, кейіпкерге мінездеме береді, тарихи</p>

	деректерді жинайды, мәтін жазады, эссе жазады.
Құндылықтар:	<i>«Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы». Туған жеріміздің тарихында бірнеше мыңжылдықтар бар, оның беттерінде ата-бабаларымыздың ұлы істері сақталған.</i>
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, тарих.
Бағалау критерийі:	- Шығарманың мазмұны мен идеясын меңгереді . -Кейіпкерге мінездеме береді. -Тарихи деректерді жинайды. -Мәтін жазады. -Эссе жазады.
Тілдік мақсаттар:	«Манап, қомданып, онжырғасы»
Ойлау деңгейлері:	Оқылым, тыңдалым, айтылым, баға беру.
Алдыңғы білім:	Ж.Жабаевтың өмірі мен шығармашылығына байланысты білетіндерін еске түсіру.

Сабақ кезеңдері: Басы:	Жоспар іс-әрекеті	Әдіс-тәсілдер	Дерек-көздер
Психологиялық ахуал:	Сыныптасыма жақсы тілек.	«Ж а қ с ы сөз-жарым ырыс». Топтарға бөлу.	

<p>Үй тапсырмасы</p>	<p>Ж.Жабаевтың «Өтеген батыр» дастаны «Телестудиядағы диктор» үйге Ж.Жабаевтың «Өтеген батыр» дастаны және кейіпкерлерге талдау берілгенін айтады. «Кезбе тілшілер» кезекпен оқушылардан қысқаша мазмұн, кейіпкер іс-әрекетіне байланысты сұрақ қояды, жауап тыңдайды.</p>	<p>«Кезбе тілші» әдісі, «Телестудиядағы диктор» әдісі</p>	<p>Микрофон</p>
<p>Орта-сы:</p>	<p>Ж.Жабаевтың «Сұраншы батыр» дастаны <i>«Телестудиядағы диктор»</i> тақырыпты хабарлайды. <i>«Құрметті оқушылар, сіздерге көркем мәтінді оқып келу тапсырылған. Қазір әр түрлі тапсырмалар бойынша жұмыс жасайсыздар,»</i> – дейді. Көркем мәтінмен жұмыс: 1-топ. «Хикая картасы». Оқиғаларды ретімен жазу. 2-топ. «КӘМҚ (SWOT) – талдауы» Тақырыпты ашудағы оқиғалардың маңыздылығын анықтау.</p>		<p>А 3 қағазы</p>

К ү ш т і жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

3-топ. «Ромбтық жіктелім».

Ромбының үшеуінің ішіне үш маңызды элемент, екеуіне онша маңызды емес элемент, біреуіне маңызы аз элемент жазады.

4-топ. «Крест-нөл»

1. Туған жер, ел үшін соғыстың жақсы, жаман жақтары туралы өз ойларыңызды жазыңыздар.	2. Жеке қасиеттеріне назар аударатырып, кейіпкер портретін жазыңдар.	3. Дастандағы оқиға орны жайлы естіп – білгеніңіз бар ма, картадан көрсетіңіздер.
4. Кейіпкер өмірінің маңызды жерлерінің картасын жасаңыздар, не үшін маңызды екенін көрсетіңіздер.	5. Осы дастанмен ұқсас тарихта болған оқиғалар немесе ұқсас шығармалар жайлы жазыңыздар.	6. Дастанының тақырыбы мен идеясына байланысты түйінді таныстырылым жазыңыздар (өлең, әңгіме, сурет түрінде болады)
7. Оқиғадан кейін жылдар өтті. Өмір ағысы қандай болды? Жазыңыздар.	8. Уақыт пен орын, сол уақытта орын алған белгілі бір оқиғалар, адамдардың қалыптасуына ықпал етті ме?	9. Осы оқиғаға байланысты кино, жыр тыңдаңыздар.

Карта

«Телестудиядағы диктор» топтарға кезекпен сөз береді, ғалымдар өз зерттеулерімен таныстыстырады.

«Кезбе тіліші»: «Сонымен, дастанның тақырыбы мен идеясын қалай түсінуге болады», – дейді.

	Дескриптор: дастан мазмұнын біледі, талапқа сай тапсырмаларды орындайды, талдайды, жазады.		
Соңы: Үйге тапсырма	Ж . Ж а б а е в т ы н «Сұраншы батыр» дастанын оқу, талдау. «Ел үшін туған ерлерім!» деген тақырыпта эссе жазу.		
Рефлексия:	Кері байланыс: (Кейбір оқушыларға) – Сіз бүгін не үйрендіңіз? – Сізге не қиын болды? – Сіз тағы не білгіңіз келеді?	«Шығу билеті»	
Бағалау:	Топтардың бағалауын «Кезбе тілші» жинап әкеп, «Телестудиядағы дикторға» береді, диктор хабарлайды. Жекелеген балалардың өз-өзі бағалауын мұғалімге береді. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» (Кейбір оқушыларға)		

ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ “БИ ТЕМІРГЕ БІРІНШІ ТОЛҒАУЫ”

Осы сабаққа қатысты оқу мақсаттары	Т/Ж 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану.
Бағалау критерийлері	<p>* Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды.</p> <p>* Шығармадағы көнерген сөздердің мәнін ашады.</p> <p>* Көркем шығармалардан үзінді келтіріп, өз көзқарасын дәлелдейді.</p>
Сабактың мақсаты	<p>Барлық оқушылар:</p> <p>* Шығарманы оқиды, идеясын түсінеді.</p> <p>Көптеген оқушылар:</p> <p>* Толғауды оқи отырып, өз көзқарасын білдіре алады.</p> <p>Кейбір оқушылар:</p> <p>* Толғаудың идеясын меңгере отырып, тұжырым жасай алады.</p>
Құндылықтар	<p>«Мәңгілік ел» құндылығы:</p> <p>* Тіл және мәдениет</p> <p>Оқушының құндылығы:</p> <p>* Ынтымақтастық;</p> <p>* Жауапкершілік;</p> <p>Аталған құндылықтар сабақ</p>

	тақырыбы арқылы оқушылардың жеке және жұптаса, топтаса отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу дағдылары негізінде жүзеге асады.	
Т і л д і к мақсаттар	Мәселе, өзектілік, дәлел, ұлттық мүдде, қайта өңдеу, креативті жазу т.б.	
О с ы ғ а н д е й і н г і оқылғандар	Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы.	
Жоспар		
У а қ ы т т ы жоспарлау	Жоспарланған іс-әрекеттер	Ресурстар

2 мин.	«Шаттық шеңберін» құрамын. Топқа бөлу Буын сөздері арқылы топқа бөлемін.	https://www.zharar.com/kz/olen/10311-temir.html
7мин.	Үй тапсырмасын сұрау «Кезбе тілші» әдісі бойынша сұралады. Фишкалар арқылы бағаланады. Кезбе тілшінің сұрақтары: 1. Жыраулар поэзиясын заман жаршысы деп неге айтты? 2. Жыраулар поэзиясын «алтын гасыр» деп неге айтты? 3. Жыраулық поэзияның ортақ тақырыбы, идеясы не? 4. Сіз не айтасыз? Не алып қосасыз? Не пікір айтасыз?	

	<p>Қызығушылықты ояту «Қазақ хандығы» киносынан Шалкиіз жыраудың дүниеге келген сәтін көріп, әсерімен бөліседі.</p>			
<p>Ортасы</p> <p>10мин.</p> <p>10мин.</p> <p>8мин.</p>	<p>Аудио таспа тыңдалып, топта әрі қарай оқиды.</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>I-топ Толғау туралы өз көзқарасың.</p> <p>II-топ Сұлтан Би Темірге мінездеме бер.</p> <p>III-топ Толғауды өз сөзіңмен түсіндір.</p> <p>Бағалау. «Екі жұлдыз бір тілек»</p> <p>ҚБ тапсырмасы.</p> <p>Жеке жұмыс.</p> <table border="1" data-bbox="290 906 717 1110"> <tr> <td>Шығармадан тура және ж а н а м а м і н е з д е у г е м ы с а л д а р келтіріңдер.</td> <td> <p><i>1.Тура және жанана мінезді ажыратады</i></p> <p><i>2. Кемінде</i></p> <p><i>3 мысал келтіреді.</i></p> </td> </tr> </table> <p>Жұптық жұмыс. «Айтарым бар»</p> <p>Толғауда айтылған мәселенің өзектілігіне дәлел келтіреді</p> <p><i>1.Жаманға сырыңды айтсаң, бір күні сырыңды жаяды.</i></p>	Шығармадан тура және ж а н а м а м і н е з д е у г е м ы с а л д а р келтіріңдер.	<p><i>1.Тура және жанана мінезді ажыратады</i></p> <p><i>2. Кемінде</i></p> <p><i>3 мысал келтіреді.</i></p>	<p>http: //www. ikitar. kz/ index. php/ catalog/ audiobook /5157- tolhauy</p>
Шығармадан тура және ж а н а м а м і н е з д е у г е м ы с а л д а р келтіріңдер.	<p><i>1.Тура және жанана мінезді ажыратады</i></p> <p><i>2. Кемінде</i></p> <p><i>3 мысал келтіреді.</i></p>			

<p>2. Досқа абай бол, сатқын болуы мүмкін.</p> <p>3. Қасыңдағы досыңа жамандық істеме, өзіңе зияны тиеді.</p> <p>4. Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық.</p>	
---	--

Бағалау критерийі	Дескриптор
<p><i>Ақылсыз дос пен ақылды дұшпанның айырмашылығы</i></p>	<p>1. Ақылсыз дос пен ақылды дұшпанның не екенін түсіне алды.</p> <p>2. Дәлелдемелер келтіре алды.</p> <p>3. Көркем тілмен жеткізе алды.</p>
<p>Сабақты бекіту.</p> <p>Кері байланыс. «Желкенді қайық» (2-3 оқушыға оқыту)</p> <p>Үйге: «Би Темірге бірінші толғауынан» үзінді жаттау.</p>	

Қосымша ақпарат		
<p>Дифференциация – сіз қалайша көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеттері жоғарылау оқушыларды қалайша ынталандыруды жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау – сіз оқушылардың оқу деңгейін қалайша тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Пән аралық сілтемелер Денсаулық пен қауіпсіздікті тексеру АКТ сілтемелер Мағына сілтемелері</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия:</p>		

Ә.НҰРПЕЙІСОВ “ҚАН МЕН ТЕР”

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	8.А4. Идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау.
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: Идеялық жағынан ұқсас мәтіндердің оқиғалар желісін бақылай отырып, мазмұнын түсінеді. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Идеялық жағынан ұқсас мәтіндерде оқиғалар желісін бақылайды, мазмұнның дамуын өзара талқылай отырып салыстырады. Кейбір оқушылар орындай алады: Идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстырады және өмірмен байланыстырады, талдау жасай отырып әңгімелейді.

<p>Бағалау критерийлері:</p>	<p>1. <i>Идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай алады.</i></p> <p>2. <i>Мәтіндер мазмұнының дамуын бірнеше сабақ бойы талқылай отырып, үзінділерді білгенімен салыстырады.</i></p> <p>3. <i>Мәтіндердегі оқиғалар желісін өмірмен байланыстыра отырып талдау жасайды.</i></p> <p>Тілдік мақсаттар Оқушылар орындай алады: Идеялық жағынан ұқсас мәтіндердің оқиғалар желісін түсінеді және дамуын салыстырады және мазмұнына талдау жасайды.</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>алай-дүлей, қақ жарып, түтігіп кетті, ығып кету, дауыл, сең, быт-шыт, жарылды, сергелдең, үсік шалған, жұлынған, жаны ашитын.</i></p> <p>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>Алай-дүлей соқты.</i> <i>Сең быт-шыт</i> <i>Балықшылар сергелдеңге және үсік шалған.</i> <i>Мұз болып жарылды.</i></p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар: - <i>Федоров Иван Курносқа қандай бұйрық берді?</i></p>
-------------------------------------	--

	<p>- Иван Курностың айтқан сөздерінен кейін балықшылар қандай шешімге келді?</p> <p>- Еламан бұл шешімге неліктен келісті?</p> <p>- Еламан қандай адам?</p>
Құндылықтарға баулу	Оқушыларды батылдыққа, жанашырлыққа, еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	Тарих.
АКТ-ны қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, таныстырылым, бейнежазба
Алдыңғы білім	Прозалық шығармалардың композициялық құрылымын анықтайды және кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға бере алады.
Жоспар	

Жоспарла- н а т ы н уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс- әрекеттер	Дереккөз- дер
С а б а қ т ы н басы 5мин.	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар мен мұғалім шеңберде үш тілде бір-бірімен амандасады. Қ ы з ы ғ у ш ы л ы ғ ы н арттыру мақсатында психологиялық ахуал тудыруда сабақ басында	

Білу

«Мен қандаймын?» ойынын өткіземін. Оқушылар шеңберге тұрып, әр оқушы атына сай эпитет қосып айтады. Мысалы: Нұршат – нұрлы.

Жіктеу бойынша саралау

Қажеттіліктері әртүрлі оқушыларды аралас топқа бөлемін. «Мозаика» әдісі арқылы «Балық», «Балықшы», «Теңіз» топтарына бөлемін.

«Суреттер галереясы» Сыныпқа дыбыссыз суреттерден тұратын бейнежазба көрсетіледі. Оқушылар галереяны қарап шығып, сабақтың тақырыбын анықтайды. Оқу мақсатымен таныстырамын.

w w w .
youtube.
com
/watch?
v=
xYEaC4
KmmIQ



Мәтіналды тапсырма.

ЖЖ «Сөздік қорды байыту» әдісі

арқылы жаңа сөздермен жұмыс істейді:

алай-дүлей, қақ жарып, түтігін кетті, ығып кету, дауыл, сең, быт-шыт, жарылды, сергелдең, үсік шалған, жұлынған, жаны ашитын.

Дереккөздерге байланысты саралау.

Сөздіктің көмегімен сөздік қорды байыту мақсатында кесте беріледі.

Сөз	С і з д і ң о й ы ң ы з ш а , о ы ң мағынасы қандай	Сөздіктегі анықтамасы	С ө з д і п а й д а л а н а о т ы р ы п к ұ р ы л ғ а н с ө й л е м
Дауыл	Желдің қатты соғуы.	Б у р и я , у р а ғ а н , ш т о р м	Балықшылар мұз бетінде қ а т т ы дауылға тап болды.

Барлық оқушылар орындай алады:

Сөздіктен берілген сөздердің анықтамасын өз бетінше іздеп тауып, танысады.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:

Берілген сөздердің мағынасын өз білгенінше түсіндіреді және сөздіктегі анықтамасын тауып салыстырады.

Оқушылардың кейбіреулері орындай алады:

Сөздікпен жұмыс жасай отырып, жаңа сөздер арқылы жай, құрмалас сөйлемдер құрастырады.

түсіндір-
мелі,
аударма
сөздіктер

АКТ
бойынша
кілт арқы-
лы тек-
середі.
<https://sozdik.kz/kk/dictionary/translate/kk/ru/%D0%B4%D0%B0%D1%83%D1%8B%D0%BB/>

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар
Сөздерді түсінеді, сөйлем құрастырады.	<p>1. Жаңа сөздерді түсінеді</p> <p>2. Өз сөзімен түсіндіре алады.</p> <p>3. Сөздермен жай, құрмалас сөйлем құрастырады.</p>

Кері байланыс: Жарайсыңдар!
 Тапсырманы жақсы орындадыңдар (қолпаштау).
Қалыптастырушы бағалау:
 «Бас бармақ»




Түсіну

7мин.

Қолдау көрсету бойынша саралау.

ТЖ. Алдағы біліммен байланыс орнатып, тақырыпты жалғастыру үшін оқушыларға «Қабырғадағы сурет» әдісі ұсынылады.





Барлық және көпшілік оқушылар орындай алады:

Алдағы өткен сабақ бойынша үзіндідегі оқиға желісін сақтай отырып басы, дамуына байланысты не білетінін суреттің ішіне жазады.

Оқушылардың кейбіреулері орындай алады:

Оқиғаның дамуына бағыттайтын сұрақтар құрастырады, топта талқылауға ұсынады.

<p>Бағалау критерийі:</p>	<p>Дескрипторлар</p>	
<p>Оқиға желісін сақтай отырып, болжам жасайды.</p>	<p><i>1. Оқиға мазмұнын біледі</i> <i>2. Оқиға желісін сақтап, мәліметтер бере алады.</i> <i>3. Оқиға желісінің дамуына болжам жасайды.</i></p>	
<p>Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек» Қалыптастырушы бағалау: «Серпілген сауал» әдісі. Тақырыптың түсіну және талқылау дағдыларын дамыту үшін сыныптағы оқушылар бірінен-біріне сұрақтарды «лақтырды». Мысалы: <i>«Аяна, Лаулаттың пікірі дұрыс па?»</i>, <i>«Лаулат, Аянаның жауабын қалай толықтырасың?»</i>, <i>«Әлішер, айтылған пікірлерді қалай тұжырымдауға болады?»</i></p>		 
<p>Сабактың ортасы Қолдану 10 минут</p>	<p>Мәтін кезіндегі тапсырма <i>Теңіз жағасында екі адам жүр. Бірі – Курнос, бірі – Андрей. Кенет ышқынып жел гулеп кетті. Қамыстар құлап, топырақ борап, дүние алай-дүлей боп кетті. Андрей бір сұмдықты көрді: қатты</i></p>	

соққан қара дауыл мзды қақ жарып, ашып жіберді. Сіресін жатқан мұз алға қарай жылжыды. Теңіз үсті түтігін кетті. Ығып бара жатқан балықшылар көрінбей кетті. Андрей Курносты жағадағы қайыққа сүйрей жөнелді. Иван: – Есің дұрыс па? – деп айқайлады.

– Әне, балықшылар ығып барады.

– Подумаешь! Бқса барсын!

Андрей не істерін білмеді. Жанына Жалмұрат жүгіріп келді. Екеуі бірін-бірі үнсіз ұқты. Екеуі қайықты суға түсіріп, секіріп мінді. Жел қайықты ұшырып ала жөнелді. Олар жағадан ұзап кетті. Теңіз үстінің дауылы өте қатты. Теңіз үстінде үйдей толқындар. Жалмұрат зәресі ұшты. Басы айналды. «Құдай-ай, сақтай гөр!» деп жалбыранды. Андрей қайықты есті. Мұзда ыққан қайыққа жете алмай, өздері адасты. Қараңғы түнде қайықты үлкен сең соқты. Қайық быт-шыт болды. Екеуі мұздың үстінде қалды.

Тапсырмалар арқылы саралау

I Мәтіннің бастапқы екі абзацын оқып шығып, «FILA» әдісі бойынша кестені толтырады.

ТЖ. «FILA» әдісі

Мәліметтер	Идеялар	Сұрақтар	Шешімдер жоспары
FACTS: Мәтін бөлігіндегі нақты мәліметтерді жазады.	IDEAS: Мәтіннің негізгі идеясын жазады.	LEARNINGISSUES: мәтін бойынша ашық сұрақтар құрастырады.	ACTION PLAN: мәтін желісі бойынша іс-әрекет жоспарын құрастырады.

Оқушылардың барлығы орындай алады:

Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтап, нақты мәліметтерді теріп жазады.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:



Мәтіннің идеясын болжайды және сол идеяны ашатын сұрақтар құрастырады.

Оқушылардың кейбіреулері орындай алады.

Мәтін желісі бойынша шиеленіскен іс-әрекеттің дамуын болжап, жағдаяттан шығудың жоспарын құрастырады.

Бағалау критерийі:	Дескрипторлар
Мәтіндегі оқиғалар бақылау жасайды, мазмұнның дамуын болжайды.	<i>1. Мәтіндегі оқиға желісінен негізгі ақпаратты табады.</i> <i>2. Мәтіндегі идеяны болжайды.</i> <i>3. Оқиганың дамуына бағыттайтын сұрақтар құрастырады.</i> <i>4. Іс-әрекет жоспарын ұсынады.</i>

Ә
р
топқа
органай-
зерлер
тартыла-
ды.

<p>Талдау</p> <p>1 0 минут</p>	<p>Кері байланыс: «Мадақтау сэндвичі»</p> <p>1 бөлік – позитивті комментарий, не ұнады?</p> <p>2 бөлік – сындарлы сын, не нәрсені жақсарту керек?</p> <p>3 бөлік – келешекке арналған комментарий: маған ұнады, бірақ келесі жолы ...</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Бағдаршам» әдісі</p> <p><i>Тапсырманың қарқынына қарай саралау</i></p> <p><i>Албалықшылар теңізге шыққан соң жұқа мұз быт-шыт болып жарылды. Олар жан-жаққа ығып кетті. Тірі қаламыз деп ойлаған жоқ. Балықшылардың біреуі суға құлап, үшеуі үсіп өлді. Біреуі шалажансар. Еламан, Кәлен, Мөңке, Дос, Рай гана қалды. Таң атты. Дауыл басылды. Бұлар ыққан үлкен мұз Қаратүп шыңына тіркелді. Балықшылар «Қаратүпті қара! Біз Қаратүптен шығыппыз» деп шулады. Сақал-мұрты қырау, беттерін үсік шалған. Осы жерде балықшылар Жалмұрат пен Андрейдің денесін көрді. Өздерін іздеп шыққандарын түсінді. Андрейдің тырнақтары жұлынған. Мұз үсті қан. Өмір</i></p>	 
------------------------------------	---	--

үшін жанталасқан. Қолы жеткен жерді тырнағымен тырнаған. Андрей ақкөңіл еді. Промсолда балықшыларға жаны ашитын жалғыз адам еді.

Федоров балықшыларды көріп ау-құралдарын сұрайды. Қатты ашуланған Еламан «сен неге адамдарды сұрамайсың!» деп, аны темір сүйменмен ұрады. Соққы Федоровтың қарақұсына тиеді.

II. Мәтіннің қалған бөлігін оқып шығып, **«Балықшылар неліктен қайғылы жағдайға душар болды?»** проблемалық сұрақ төңірегінде талдау жасайды.

«Қосжазба күнделігі» әдісі

Үзінді	Түсіндірме/коментарий

Оқушылардың барлығы орындай алады:

Үзіндіге өз пікірін білдіреді.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:

Үзіндіге комментарий жазғанда өмірмен байланыстыра отырып дәлелмен жауап береді.

Оқушылардың кейбіреулері орындай алады.

«Болжау кестесі» әдісі

арқылы алда жасалған болжам мен ұсынылған іс-әрекет жоспары сәйкес келді ме?/ болжам дұрыс па? талдана отырып қорытынды айтылады.

Сұрақтар	Қ а н д а й мәселелер көтеріледі? (не болады?)	Шындығында қ а н д а й мәселелер көтерілді? (не болды?)
Мәтіннен үзінділер		
1 үзінді		
2 үзінді		

Б а ғ а л а у критерийі:	Дескрипторлар
М ә т і н н і ң б а р л ы қ абзацтарында баяндалған оқиғаға өз көзқарасын білдіреді.	<p><i>1. Мәтінге байланысты өз пікірін айтады.</i></p> <p><i>2. Мәтін бойынша өз пікірін дәлелмен айтады.</i></p> <p><i>3. Мәтін бойынша өмірмен байланыстырып қорытынды шешім шығарады.</i></p>

Кері байланыс: «Бес саусақ» әдісі

Бас бармақ – өте ұтымды жауап;

Балан үйрек – қызықты жауап;

Ортан терек – дәлелді жауап;

Шылдыр шүмек – ойландыратын жауап;

Кішкентай бөбек – толықтыратын жауап.



Жинақтау
8 минут

Қалыптастырушы бағалау:
смайликтер арқылы

Мәтін соңы тапсырма

Қорытындылау бойынша саралау
Оқушылардың барлығы орындай
алады:

Жазылым құрылымдары ұсынылады.

Кенет қатты .. соқты.

Қамыстар құлап айнала ... болып
кетті.

Андрей ... көрді: қатты соққан дауыл
мұзды

Теңіз үсті ... кетті.




Ығып бара жатқан ... көрінбей
кетті.

Оқушылардың көпшілігі орындай
алады:



Оқушылардың кейбірулері
орындай алады:



Бағалау критерийі:	Дескрипторлар	 
<p>Мәтіндегі оқиғадан мәліметтерді қолданады, өз пікірін салыстыра отырып білдіреді және қорытындылайды.</p>	<p><i>1. Мәтіндегі мәліметтерді қолданады.</i></p> <p><i>2. Кейіпкерлерлі салыстыру арқылы пікір білдіреді.</i></p> <p><i>3. Мәтін мазмұны бойынша қорытынды шығарады.</i></p>	
<p>Кері байланыс: «Ойлаудың алты қалпағы» әдісін арқылы оқушылар қалпақтың тиісті түсін таңдап, өз ойын ортаға салады.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Жетістік баспалдағы» әдісі</p>		
Сабақтың соңы	<p>«Желкенді кеме» әдісі бойынша рефлексия жүргіземін.</p>	

Үй тапсырмасы: kitap.kz/books/qan_men_ter_i_kitap сілтеме бойынша өтіп, Еламанның әрі қарайғы тағдыры туралы тыңдап немесе оқып шығындар, мәлімет жинастырып келіндер.

Барлық оқушылар орындай алады:

Оқиға желісі бойынша Еламан бейнесіне қатысты сұрақтар құрастырып келіндер.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:

Еламан туралы мәліметтерді жинақтап, постерде диаграмма немесе кестеге салып келіндер.

Оқушылардың кейбіреулері орындай алады:

Тақырып бойынша шағын таныстырылым дайындап келіндер.

Қосымша мәлімет:

– *Өткен үзінділердегі Еламан бейнесі және «Қан мен тер» фильмі мен қойылымындағы Еламан бейнесінде ұқсастық пен айырмашылық бар ма?*

– *Қосымша мәліметтерге шолу жасай отырып, Еламан бейнесіне сипаттама бер.*



<https://www.youtube.com/watch?v=16BhjVd52j0>

А.Ж. КАЙРЛИЕВА,
М.Мирманов атындағы
жалпы орта білім беретін
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Бірлік ауылы

ЫБЫРАЙДЫҢ **“ӘКЕ МЕН БАЛА”,** **“ШЕШЕ МЕН БАЛА”** **ӘҢГІМЕЛЕРІ**

Сабақтың мақсаты:

а). Білімділігі:

Оқушыларға әңгіме жанрының ерекшелігін айта отырып, Ы. Алтынсарин әңгімелерінің тақырыптарын, идеясын, қоғамдық мәнін түсіндіру. Ыбырай әңгімелерін оқушыларға қысқашы мазмұндата отырып, оның шынайы өмірден алынғандығына назар аударту.

ә). Тәрбиелігі:

Оқушыларды Ыбырай әңгімелеріндегі кейіпкерлердің жақсы мінез-құлық, орынды іс-әрекеттерін талдау арқылы адамгершілікке, адалдыққа, мейірімділікке, қамқорлық жасауға баулу.

б). Дамытушылығы:

Оқушылардың ой еркіндігін, эстетикалық сезімін ояту. Әңгімедегі көркем сөз айшықтарын таптырып, қысқаша мазмұндату арқылы тіл дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Сабақ түрі: Жаңа тақырыпты меңгерту сабағы.

Сабақтың көрнекілігі: Стикерлер, мәтіндер, тамшылар, Ы.Алтынсариннің шығармашылығына байланысты слайд, кітаптары, ленталар, кеспе қағаздар.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: СТО стратегиялары, сұрақ-жауап, ойталқы, талдау.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі

Оқушылардың сабаққа әзірлігін тексеру, көңіл күйіне назар аудару.

– *Сабақты бастауға әзірміз бе, көңіл күйлеріңіз қалай, жақсы ма ?*

– *Санаулы күндерден кейін ата-бабамыздың арманы болған – Тәуелсіздік мерекесі де кеп қалды. Тәуелсіздік – бақытымыз, байлығымыз. Біз бақытты елдің ұрпағымыз, бір шаңырақтың астында көп ұлттар тату-тәтті мекен етіп жатырмыз. Ендеше сол шаңырақтың астына жинала қойсақ.*

«Шаңырақ» әдісі арқылы топқа бөлу.

Топтың ережесі:

«Бәріміз біріміз үшін, Біріміз бәріміз үшін»

«Тыңдай білу – ұлылық»

Сабақтың ұраны: *«Еңбек етсең ерінбей, бес аласың күлімдей.»*

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Ғажайып кітап» әдісі бойынша сұраққа жауап берген оқушылар қошемет смайлигін алады.

- *Ыбырай кімнің тәрбиесінде болған?*
- *Еңбек тақырыбындағы әңгімелері?*
- *«Атымтай Жомарт» әңгімесінің түйіні?*
- *«Қазақ хрестоматиясын» жазудағы мақсаты қандай?*
- *Қай орыс ақын-жазушылардың шығармаларын аударды?*
- *Тәрбие туралы әңгімелері?*
- *Қандай мысал өлеңдері бар?*
- *Саяси-әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері қандай?*
- *Өзіңді мейірімді баламын деп есептейсің бе?*
- *Атымтай жомарт айтқан 4 түрлі себепті ата.*

І.Қызығушылықты ояту.

- *Бәріміз мына әуенге құлақ түрейікші. Кім туралы?*
- *«Әкем-анам» әні.*
- *Өмірдегі біздің бас ұстазымыз – әке мен ана. Осы қадірлі де қасиетті тұлғалар туралы Ыбырайдың қандай әңгімелері бар?*

Ыбырай әңгімелерінің тақырыбы – адамгершілік, еңбексүйгіштік, өнер, білім.

«Әке мен бала», «Шеше мен бала», «Бақша ағаштары», «Аурудан аяған күштірек», «Таза бұлақ» – тәрбие мәселесіне арналған әңгімелер.

«Лұқпан хакім», «Атымтай жомарт», «Зеректік», «Силинчи ханым» – өнер, білім туралы.

«Дүние қалай етсең табылады?», «Қыпшақ Сейтқұл», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» – еңбек тәрбиесі

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

Негізгі тірек – әке, ана

“Әке мен бала”, “Мейірімді бала”, “Шеше мен бала”

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің...»

«Тәрбие – адамдықтың түп қазығы»

«Талап қылмай, мұратқа жетпес...»

– Бүгінгі сабағымызда біз мына екі әңгімені талдаймыз: «Әке мен бала», «Шеше мен бала».

– Сабағымыздың тақырыбына байланысты екі топқа ат қояйық.

II. Мағынаны тану. Әңгіменің мәтінімен танысып, талдау жұмыстарын жасай қойындар.

1-топ. «Шеше мен бала» әңгімесіне **сатылай** кешенді талдау.

2-топ. «Кубизм» әдісі бойынша талдау.

1. – **Суретте:** *Әкесі мен баласына мінездеме.*

2. – **Салыстыр:** *Баланың әрекетін өз әрекетіңмен салыстыр.*

3. – **Ойлан:** *Әңгіме неге үйретеді? Қандай ой салды?*

4. – **Қарсылас:** *Сен әкесінің немесе баланың ісіне қарсы шық.*

5. – **Қолдан:** *Мәтіндегі мақалды тағзы қандай жерде қолданар едіңіз?*

6. – **Бейнеле:** *Таға мен шиенің суретін сал.*

«Мақал-мәтелдер бәйгесі»

1. *Екі топ мақал айтып жарысады.*

2. *«Орнына қой»*

3. *Алты аға бірігіп әке болмас,
Жеті жеңге бірігіп ана болмас.*

*Әке балаға қарыз,
Бала далаға қарыз.*

Әке балаға сыншы.

Әкеден — ақыл, анадан — мейір.

*Әкеден безген ұл болмас,
Анадан безген қыз болмас.*

*Әке жүрегі таудан үлкен,
Ана жүрегі теңізден терең.*

***Таңдаған бір мақалдың мағынасын ашып айту.**

III. Ой-толғаныс.

«Тілші сауалы»

- *Өз анаңа деген махаббатыңды қалай жеткізер едің?*
- *Бүгінгі күні отбасында кімнің беделі жоғары?*
- *Неліктен?.....*
- *Мен сабағымды Ж. Баласағұнидың мынадай сөздерімен қорытындылағым келіп тұр:*

“Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды.”

Ал енді сендер өз бойларыңызда қандай жақсы қасиеттер бар немесе өздерің жасаған жақсы істеріңізді мына жақсылық тамшыларға жазып, жапсырамыз.

«Жақсылық тамшысы»

– Бүгінгі сабақ барысындағы көңіл күйімізді, алған әсерімізді кері байланыс парағына түсіре қойыңыздар.

IV. Үйге тапсырма « Менің қос бәйтерегім» эссе жазу, өлең шығару, отбасылық буклет дайындау. Ыбырайдың әңгімелерін оқу.


V. Бағалау.







ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС – ЕҢ ҰЗАҚ МЕРЕКЕ

<p>О с ы сабақта қ о л жеткізіле- тін оқу мақсат- тары</p>	<p>1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну.</p> <p>3.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин.) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру / кесте толтыру/ мазмұндау.</p> <p>4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну.</p> <p>3.4.1.1 тірексөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру.</p>
<p>С а б а қ мақсат- тары</p>	<p>Оқушылардың барлығы: Тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді қолданып, мәтін құрастырады.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі: Тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, үлгі бойынша тірек сөздерді қолданып мәтін құрастырады.</p> <p>Оқушылардың кейбірі: Тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, тірек сөздер, сызбалар, суреттер,</p>

	символдарды қолданып мәтін құрастырады.
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап береді; • тірек сөздерді қолданып, мәтін құрастырады.
Лексикалық минимум	Саяжай, көшет, күтім, қоштасу, бос.
Грамматикалық минимум	Жіктік жалғау Мен демал+а+ мын
Құндылықтарды дарыту	Құрмет, ынтымақтастық, өмір бойы оқу, азаматтық жауапкершілік, ашықтық.
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану, өзін-өзі тану
АКТ қолдану дағдылары	PowerPoint таныстырылымы
Бастапқы білім	Біздің мереке
Сабақтың барысы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин.	<p>«Шаттық шеңберіне» шақыру</p> <p>«Гүлмен тілек» тренингі</p> <p>Оқушыларды бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады,</p>	<p>Слайд</p> 

	<p>көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.</p> <p>Ой шақыру Суретке қара, сипатта.</p>  <p>Оқушылар сурет бойынша өз ойларымен бөліседі, табиғат мезгілін, балалардың бос уақытын қайда және қалай өткізіп жатқаны жайлы сөз қозғайды. Тапсырманы қабілеті жоғары оқушыға орындатуға болады.</p> <p>Сабақтың мақсатымен таныстыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап беремін;</i> • <i>тірек сөздерді қолданып мәтін құрастырамын.</i> 	<p>Үлестірмелі қағаздар</p>			
<p>Сабақтың ортасы 25 мин.</p>	<p>Мағынаны тану. Жаңа сөздер. Жаңа сөздерді суреттер мен мағынасы жақын сөздер арқылы меңгерту.</p> <table border="1" data-bbox="248 1097 777 1277"> <tr> <td data-bbox="248 1097 331 1277"> <p>Саяжай</p> </td> <td data-bbox="331 1097 585 1277">  </td> <td data-bbox="585 1097 777 1277"> <p>Қ а л а сыртындағы шағын үй</p> </td> </tr> </table>	<p>Саяжай</p>		<p>Қ а л а сыртындағы шағын үй</p>	
<p>Саяжай</p>		<p>Қ а л а сыртындағы шағын үй</p>			

Көшет		Жас ағаш
Күтім		Суару
Қоштасу		Сау бол!
Бос		Бос уақыт, х о б б и , демалу

Дамыту жолдары:

- сөздерді суреттер арқылы меңгерту;
- сөздермен сөйлемдер ойластыру;
- дұрыс айту мен дұрыс жазу жолдарын меңгерту;
- сөздерді дауыстап айтқызу.

Грамматикалық қоржын.

– Жіктік жалғауды қайтала.

Мұғалім сөздің басын дауыстап айтады, кез-келген оқушы жалғауын жалғастырады. Оқушы қателесе, қасында отырған көршісі түзетеді.

Жекеше:

1-жақ: – Мен демаламын;

2-жақ: – Сен демаласың;

(сыпайы түрі) Сіз демаласыз;

3- жақ: – Ол демалады.

1-тапсырма:

Мәтінді тыңда. Сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

Алдымен сұрақтарды оқып талқылайды. Мәтінді екі рет тыңдайды. Тыңдап отырып мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап береді. Жауабын мұғалім тексереді. **Кері байланыс орнатады.**



1. Әлібек нешінші сыныппен қоштасады?
2. Қандай демалыс келді?
3. Жазғы демалысты неге «ұзақ мереке» деп атайды?
4. Әлібек жазда не істейді?

Жауабы: үшінші, жазғы, ұзақ, ауылға барады, саяжайда демалады.

2-тапсырма:

Суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастыр. Оқушылар топпен бірлесіп тапсырманы орындайды. Алдымен ақылдасып, сюжеттің реттілігін анықтайды. Содан кейін суретке қатысты сөздерді тізбектейді. Түсінбеген сөздерді сөздік арқылы табады. Соңында сурет бойынша әңгімелейді. Ортаға шығып әр топ қорғайды. Басқа топтар критерий бойынша бағалайды. Критерийді оқушылар өздері құрастырады.

«Көк-
жиек»
оқу-
лығы,
114-
115 бет



<https://www.youtube.com/watch?v=744V-ESD7-Y>
«Бала, бала, балапан»

Кері байланыс

– Тапсырма қызықты болды ма?

Сергіту сәті

Оқушылар әнді орындайды, бірге билейді.

3-тапсырма:

Әр сөйлемге «иә» не «жоқ» деп жауап берілетіндей сұрақтар жаз.

Тапсырма мазмұнын талқылайды. Мұғалім оқушының түсінгеніне көз жеткізеді. **(Бұл тапсырманы қалай орындайсың?)**

Үлгі: – **Жазғы демалыста ауылға барасың ба?**

– *Жазғы демалыста ауылға барамын. Жазда бос уақыт көп болады. Ауылдың қасында көл бар. Көлден балық аулаймын. Қостұра тауына шығамын. Таудың суретін саламын. Кейін саяжайға барамын. Саяжайда көшеттер бар. Көшетке күтім керек. Саяжайда алма жинаймын. Тамызда «Думанға» барамын.*

Кері байланыс

– Тапсырма қиын болды ма?

4-тапсырма:

Сөйлемді жалғастырып, жазда не

	<p>істейтінің туралы мәтін құра. Берілген сөйлемді оқушылар ақылдасып орындайды. Оқушылардың қабілетіне қарай сөйлемдердің құрылымын жай сөйлем немесе құрмалас сөйлем етіп беруге болады. Оқушылардың жұмысын мұғалім бағалайды.</p> <p><i>– Жазғы демалыс келді.</i></p> <p><i>Мен жазда ..</i></p> <p>Дескриптор:</p> <p>* <i>С ө й л е м д і жалғастырып, мәтін құрастырады;</i></p> <p>* <i>Ойын жүйелі жеткізеді.</i></p>	
<p>Сабақтың соңы 5 мин.</p>	<p>Рефлексия «Табыс сатысы»</p> <p>1-ші баспалдағы «Мен білемін».</p> <p>2-ші баспалдағы «Мен түсінемін».</p> <p>3-ші баспалдағы «Мен жасай аламын».</p> <p>Бағалау</p> <p>Үй жұмысы</p> <p>116-бет, 7-тапсырма (ауызша).</p>	<p>Слайд</p>

<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушының материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушының жеке қабілеттерін есепке ала отырып, іріктеу (Гарднердің жиынды қзият теориясы) түрінде болуы мүмкін.</p> <p>Саралау уақытты ұтымды пайдаланды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады.</p>	<p>Бұл бөлімде оқушының сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазыңыз.</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиялары.</p> <p>Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері.</p> <p>Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары.</p>

<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <p>Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушының барлығы ОМ қол жеткізді ме?</p> <p>Жеткізбесе, неліктен?</p> <p>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</p> <p>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?</p> <p>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p>Жалпы баға</p> <p>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушының жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>	

А.Н. АБДУЛЛИНА,
Қ.Жазықов атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Кемерши селосы

АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Мақсаты:

Туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Туған ауыл жайлы ой тебірену. Өз ойларын жүйелі түрде жеткізі білуге үйрету.

Көрнекілігі: Суреттер, слайд.

Әдісі: Баяндау, монтаж.

Өткізу жоспары:

1.Кіріспе

2. «Кіндігімнің жас қаны

Тамған жерім ауылым» әдеби музыкалық монтаж.

*3. «Қойнауы тарих,киелі мекен – Кемершиім»
ауылымыздың елді мекендері.*

4. «Ауыл айшықтары».

*5. «Ауылымның келешегі –
менің болашағым» ойқозғау бөлімі.*

6. Қорытындылау.

I бөлім. Кіріспе

Мұғалім: – Бүгінгі күн – біз үшін есте қалатын күннің бірі. Өйткені, балалар, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру мақсатында «Ауылым алтын бесігім» атты тақырыбында тәрбие сағатымызды бастаймыз.

Хор: Біз – Отанның ұланымыз.

II-бөлім. «Кемериши-туған мекенім

Мәңгілік мақтан етемін» ауылымыздың елді мекендері.

Бұл бөлімде ауылымыздың елді мекендеріне тоқталып өтейік.

Туған жер-тұғыр, сенен өскен ботаңмын

Ер жеткенде, үлесті саған қосармын.

Толғанып тұрып қамыңды ойлар ұланмын.

Үнімді қосам көркеюіне ауылымның.

Кемериши – бұл қазіргі, Кемериши селосы тұрған жер. Кемериши селосының оңтүстігінде тау сілемдері, ал солтүстігінде ұзын қырқалар бар. Міне осы екуінің арасымен бұрындары Жем өзені аққан дейді. Жем өзені арнасы, яғни кермері өзен арнасы азайған соң, бұл жерге қалың ши шыққан. Көрген көне қариялардың айтуы бойынша шидің қалыңдығы сонша, атты адамның бойы көрінбеген деседі. Міне осы екі сөз тіркескесін “Кемериши” атауы шыққан.

Ерасыл: – **Көктүбек** – бұл ертеден келе жатқан елді мекен. Көктүбек аталуында ерекше тарихи мағна жоқ. Жем өзенінің иініне орналасқан. Бұл иін теңіз, көлдердегі түбектерге ұқсас, сонымен қатар шөбі шүйгі. Жем өзені табанына жақын болғандықтан жазда үнемі кқк күйінде болады. Бұл жерде өалыңды ну жиде тоғайы болған. Сондықтан да бұл жер көк және түбек сөздерімен бірігіп “Көктүбек” деп аталған.

Нұрбол: – **Қызылшоқы** – жердің топырағына байланысты аталған. Жақын жерде үлкендеубиік шоқы бар. Сол шоқының баурайына шөп шықпайтын, қызыл құмақ иелеген.

Ақниет: – **Ақбұлақ** – ақ кебірдің арасын жарып, сылдырап аққан бұлақ. Жем өзенінің арғы жақ бетінде.

Айналасында бордан құралған таулар бар.

Жем-Сағыз

Жем-Сағыз – қалың жұртым жайлаған жер,

Маңыратып төрт түлік айдаған жер.

Қаптаса таудай нарлар, сәйгүліктер,

Қойлары семіздіктен майлаған жер.

Жем-Сағыз – әке-шешем жайлаған жер,

Көктемде бәйшешегі жайнаған жер.

Басына жас ботаның үкі тағып,

Құлынды қоңыраулатып байлаған жер.

Жем-Сағыз – күй тербетпей қоймаған жер,

Балалық асырға тоймаған жер.

Топталып жан-достарым құшағында,

Таласып талай асық ойнаған жер.

Жем-Сағыз – жастық күнді тойлаған жер.

Біз өмір өршіл қалпын ойлаған жер.

“Ақбұлақ”, “Қызылбұлақ”, “Көкбұлағы”

Өзінен шымыр-шымыр қайнаған жер.

Жем-Сағыз – жігер жанып, қайраған жер,

Жем-Сағыз – сұлулығын сайраған жер.

Өзінен шыққан талай серілері.

«Сазымның сәні болған бай далам» дер.

Қалиев Мейрамбек: – **Құртұрмас** – Жем өзеннің бойындағы ең биік шоқылардың бірі. Бұрынғы жаугершілік заманда қазақ даласында қалмақ, түркімендер соғыс ашып малдарын айдап, ұрлап барымта жасап тыныштық бермегеген, шын. Сондықтан осы бір биік шоқының үсті күндіз-түні қарауыл қойып, ел тыныштығын күзеткен. Содан бері осы шоқыны «Құртұрмас» деп атаған.

Данагүл: – **Ордабай** – осы өңірде Ордабай рулы елі қоныстанып мекен еткен. Жерге өз руларының атын қойып, меншіктеген. Бұл жер Кемерши өңірінің шығыс

жағында орналасқан.

Аякөз: – **Қызылбұлақ** – елді мекені өте құнарлы, шөбі мол жер. Төбелер қызыл құмақ, төсін бұлақ жарып шыққан. Жердің географиялық жағдайы ескеріліп, осылайша аталса керек.

Нұрбол: – **Егіндібұлақ** – мөлдір, таза бұлағын елдің баршасы біледі. Жері егін, мөрдір бұлақ болған соң жер аты осылай аталған.

Ән:Туған жер.

Орындайтын: Ақжол мен Әсем.

III-бөлім: Ауыл айшықтары

Жаныма жерің, ауаң ем

Атыңа сенің бас ием – дей келе, келесі кезекте туған жерге көрік беріп тұрған, әрқайысысының өз тарихы бар «Ауыл айшықтарына» тоқталамыз.

Мешіт туралы

Тарихтың тереңіне үңілген сайын ата-бабаларымыздың имандылық, ізгілік қасиеттерді берік ұстанғандығы тәнті етеді. Сондай адамдардың бірі – Ермағанбет ишан өткен ғасырдың бас жағында, дәлірек айтсақ, 1909 жылы ауылымызға мешіт салдырыпты.

Одан бері талай уақыт өтті, заман өзгерді. Ермағанбет ишанның өзі 37-жылдардың қудалануына ұшырайды. Мешіт интернат үйіне айналды, кейіннен мұнда қойма орналасты.

Іңкар: – *Кезінде сол мешітте сол төңіректің ұл-қыздары ислам ілімін үйренсе, төңкерістен соң да бұл киелі орын білім ордасына айналған. Сол кездерде*

мектепте Қалиев Жәрдем, Мырзалин Ғани, Ыбырашев Ғайнеш мұғалімдік қызымет атқарған. Киесі көшпеген осы көне жұрттың түлегі – Ақтөбе өңірінің айтулы азаматы, академик Сақтаған Бәйішев.

Әсем: – «Жамандар жақсымын деп айқайлайды, Жақсылар жақсымын деп айта алмайды» – деген бар. Сол «жақсымын» деп айта алмайтын дарынды жазушы – Қажығали Мұқанбетқалиев.

Ақжол: – Ата-баба артындағы ұрпақты қашанда мазасыздандырған зой. Қазақтың белгілі жазушысы Қажығали Мұқанбетқалиев сол ата мешітінің орнын қайта жаңғыртуды перзенттік парыз санаған сыңайлы. 3 жыл бойы өзінің, туыстарының күшімен, еңбегімен көтерілген мешіт 2001 жылы тамыздың соңғы күндерінде ашылды.

Іңқар: – Жергілікті құрлыс шебері Құтым Қайсенов жаңа ғимараттың салуына үлкен үлес қосты. Мешіт тізгінін Өтеген иман қолына алды. Қазіргі ауыл тұрғындар сәнді дн.еңселі мешіт үйіне жиналып, Аллаға мінажат етеді.

Сонымен, ауылымыздағы Ермағанбет мешіті қайта жаңартылды. Ұрпағына ұлағат беруді мұрат тұтатын, халқымыздың тәлім-тәрбие орталығы іспеттес имандылық ордасы – Ермағанбет мешіті Кемерши өңірінің жұртшылығын жақсылыққа баули береді деп сенгіміз келеді.

Б а л а б а қ ш а т у р а л ы

Дильназ: – Бүгінде тұңғыш елбасы Н.Ә.Назарбаев балабақша мәселесіне айрықша көңіл бөліп отыр.

Қазақ «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп бекер айтпаған. Ата-бабамыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Осыған орай, ауылымыздағы бұрынғы орта мектептің ғимаратын күрделі жөндеуден өткізіп, ауыл бүлдіршіндеріне «Балдәурен» балабақшасы ашылды. Жаңа балабақшада 25 қызметкердің 50 бүлдіршінді жан-жақты тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған. 2010 жылдың желтоқсан айында «Балдәурен» балабақшасының меңгерушісі Қазиева Флюраға балабақшаның символдық кілті тапсырылды. Қазіргі таңда меңгеруші қызметін Тоқсанбаева Райхан атқаруда.

Кітапхана туралы

Аягөз: – Ауылымызда жаңа үлгідегі кітапхана бар. Кемерши Жем селолық кітапханасына «Жаңа үлгідегі Модельді ауыл кітапханасы» статусы берілді. Маржан Өтепбергенова кітапхана саласында ұзақ жылдар бойы жұмыс жасап, зейнеткерлікке шықты. Ол кезде, 1966 жылы кітап қоры – 2578 дана болса, бүгінгі таңда кітап қоры – 12379, оның ішінде мемлекеттік тілде 6767 дана болған. Қазір кітапхана меңгерушісі – Гүлмира Рамбаева, кітапханашы – Ибрашева Айжан. Қазір кітапхана 750 оқырман тобымен жұмыс жасап, оларды қажетті ақпараттық сұраныстармен қанағаттандырады.

Мәдениет үйі туралы

Ақжол: – «Берекені көктен сұрама, еткен еңбектен тіле» – деп Абай атамыз айтқандай, ауызбіршілік арқасында Тәуелсіздіктің 20 жылдығы күні клуб үйі күрделі жөндеу жұмыстарынан өтіп, пайдалануға берілді. Кезінде ауылымыздың

азаматтары Балгазин Олжабай, Отаров Тельман, Жолдасым Қайыржан, Ыбырашев Ақдәулет болып, республика көлемінде өз өнерлерін көрсеткен. Қазірде ауылымызда өнерлі жастар көп. “Ел іші – алтын бесік,” – демекші, ендігі жерде осы клубта жастардың кештері, кездесулер, өнерпаз өнерлі көп бола берсе.

Гүлзира: – 1994-1999 жылдары Ыбырашев Рахат мектепті басқарды. Сол кездері 1994-1995 оқу жылының сәуір айында мектепке Кеңес Одағының Батыры Қожабай Жазықов атағы берілді. Ұстаз рухы мәңгі өлмейді! Кезінде ұстаздың еңбектерінің арқасында “СССР халық ағарту ісінің үздігі” атағына Бекбоуов Уну, Төлешов Сәли “Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің үздігі” атағына Жаулин Жүзбай, Өтепбергенов Өмірзақ, Шаріпов Құлман ағайлар ие болған.

Мұғалім: 2010 жылдың 1 қазан айында ел ағаларының көмегімен бүгінгі жас ұрпақтың білімін шыңдау бағытында және жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерін меңгерту мақсатында ғимаратқа ие болдық. Бұл ғимарат Қ.Жазықов атаның даңқын асқақтата түседі. Соның бір куәгері былтырғы оқу жылының түлегі Әділханқызы Тоғжан мектебімізді алтын медальмен бітіріп, мәртебесін жаңа биікке көтерді. Әлі де осындай шәкірттердің көп болатынына сенімдімін.

IV бөлім:

**“Ауылымның келешегі – менің болашағым!”
ойқозғау**

II-жүргізуші: – Тұған ел! Бұл кішкентай үйіңнің

табалдырығынан басталады. Содан шексіз қиялға өрлеп кете барады. Оның жұпар атқан жусаны, оның кеудеңе келген мөлдір ауасы, жалғыз аяқ жолдары – осының бәрі-бәрі сенің туған ауылыңды құрайды.

I-жүргізуші: – Туған жерсіз адамның күні жоқ. Алыс кетсең, өз үйіңнің отынан шыққан түтініне дейін сағынасың. Табиғаты қаншалықты әдемі жерде жүрсең де, өз туған жеріңе асығасың!

– Ақжол, болашақта бай болсаң, ауылың үшін не істер едің?

– Менің әкем Ұлықбек мұнай саласында жұмыс істейді. Осындай жері бай, мұнайлы өлкеде өсіп келе жатқанымға қуанамын. Мұнай – халық байлығы. Егер мен бай болсам, алдымен ауылды көгілдір отпен қамтамасыз етер едім.

– Әсем, егер сен дәрігер болсаң, не істер едің?

– Егер мен дәрігер болсам, ауырған адамдарды емдеймін. Адмадардың денсаулығына немқұрайлы қарауға болмайды. Дәрігердің қолында адам өмірі тұр. Өйткені оқу бітірерде ант береді. Сондықтан антыма адал боламын.

– Дильназ, егер сен мектеп директоры болсаң, не істер едің?

– Адамдарға көмектесіп, мектептен жұмыс беріп, қол қайырымымды тигізер едім. Қ.Жазықов атындағы мектеп директоры Әзиева Әлиса апайға және «Балдәурен» балалар бақшасының меңгерушісі Тоқсанбаева Райхан апайларға ұқсап, директорлық міндеттерді атқарғым келеді. Директордың

атқаратын шаруасы оңай жұмыс емес. Балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге тырысар едім. Соған жағдай жасаймын. Ол үшін жан-жақты, білімді, іскер, табанды, инабатты маман болу керек.

– **Бағдат, сен кәсіпкер болсаң, не істер едің?**

– Егер мен кәсіпкер болсам, балаларға спорт кешенін салып берер едім. Балалар бокс және еркін күреспен айналысар еді.

Хор: Туған жер.

VI. Қ о р ы т ы н д ы л а у

Мұғалім: – Құрметті қонақтар, ұстаздар және оқушылар! Бүгінгі сыныбымызда өткен ашық тәрбие сағаты өз мәресіне жетті. Бұл сынып сағатынан біз өзіміздің рухани адамгершілік жан дүниемізді өзекті өмірімізге сабақ болатын көптеген асыл дүниелерімен толықтырдық деп нық сеніммен айта аламын. Өзіміз жан дүниеміз бай болу үшін бір ғана осы сынып сағаты жеткіліксіз, әрине. Жан-жақты білімді, мәдениетті, туған елі мен жерінің тағдырына бей-жай қарамайтын, белсенді, көкірегі ояу, адамгершілік асыл қасиеттерді өн бойымызға жинаған, ерлер рухына, ел тарихы мен тәуелсіздігіне тағызым ететін, тарихтан тағылым, ұлылықтан алатын ұрпақ болайық. Мен сөзімді жерлес ақынымыз Сағи Жиенбаевтың «Жем бойында өтті менің жас күнім» деген өлеңімен қортындылаймын.

А.Ж. ЖҰМАБАЕВА,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе
облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы

ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТ ЖАРИЯЛАҒАН 10 МІНДЕТ

Шартарап көз тіккен ауқымды шараның шымылдығы Нұр-Сұлтан қаласының Тәуелсіздік сарайында 12 маусым күні түрілді. Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми кірісу рәсімінде халықтың 70,96 пайыз дауысын жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты түрде ант беріп, Президент қызметіне кірісті. Ұлықтау рәсімінен кейін Мемлекет басшысы сөз сөйлеп, халықты мазалап жүрген көкейкесті мәселелерді атап көрсетті. Сондай-ақ, жаңа міндеттерімен бөлісіп, қоғамның барлық саласында әділдік орнату, жемқорлықты жою, тұрғындар табысын арттыру, жастарға қамқорлық жасау сияқты 10 маңызды жоспарын жариялаған болатын. Осыған орай, Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының бірлесуімен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың инаугурациясына байланысты дөңгелек үстел өтті. «Қазақстанның дамуы: алға ұмтылыстың маңызды жаңа қадамы» деп аталған шарада алғаш сөз алған ҚР Мәдениет қызметкері Еркін Жолмырзаұлы: «Іргесі шайқалған мемлекеттерден, тұрақтылығы жойылған елдерден сабақ алатын уақыт жетті. Қазіргі таңда өршіп тұрған сауда соғыстары да халықтың әлеуметтік жағдайына әсер етпей қоймайды. Осы орайда Республика Президенті жариялаған негізгі 10 мәселені шешу жолдарын бірге қарастырайық»

– деді. Ұлықтау рәсімінде таныстырылған он бағыттың әрқайсысы тұрғындар үшін үлкен маңызға ие. Президент он бағытты жүзеге асыру үшін алдымен экономикалық өсімнің тұрақты болуы керектігін тілге тиек етті. *«Азаматтарымыз өз елінде алаңсыз өмір сүріп, еңбек етіп, ұрпағын тәрбиелеп, халқымыздың жетістіктеріне бірге қуанып, мақтан тұту үшін Экономикалық өсім болуы тиіс. Таяу арада Үкіметтің кеңейтілген отырысында біз еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған нақты міндеттерді айқындаймыз»*, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы жемқорлықпен күрестің күшейетінін, 1 қыркүйекке дейін бармақбасты, көзқысты әрекетті мейлінше төмендетуге бағытталған реформалар дайындалатынын жеткізді. Осы мәселе жөнінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті Убайдолла Есенұлы тереңірек тоқталып өтті.

“Бүгін халықты, ең алдымен, не мазалайды? Ең бірінші, азаматтар барлық жерде әділдік орнауын қалайды. Қазіргі таңда қоғамда парасыз ештеңе шешілмейді деген стереотип қалыптасып қалған. Көпшілікті толғандырып отырған басты мәселе де – жемқорлықтың белең алуы” – деді.

Ұлықтау рәсімінде мемлекет басшысы сот жүйесін реформалауға ерекше назар аударды. Сот әділдіктің соңғы шегі екенін түсіндірген Президент құқық қорғау жүйесі халықтың сеніміне ие болу үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін айтты. Мемлекет басшысы республика бюджетін қандай бағытқа жұмсау жайына да кеңінен тоқталды. Мұндайда бюджет қаражатын жаңа жұмыс орындарын ашуға бағыттау маңызды. Осылай ой өрбіткен президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет алдында Бірыңғай тұрғын үй саясатын жасақтау міндеті тұрғанын айтып өтті. Осы міндет жөнінде тұрғын үй құрылыс жинақ банкі АҚ бірінші санатты маманы Мақсат Аманұлы сөз сөйледі. *“2003 жылдан бері өз жұмысын бастаған тұрғын үй құрылыс жинақ банкы әр жылы түрлі акциялар ұйымдастырып келеді. Биылда жаңа*

президенттің атаған 10 міндеті ішіне халықты баспанамен қамту мәселесі бірінші кезекте. Осы орайда қолжетімді баспана ақциясы өз жалғасын табады” – деді.

**Л. БУЛТЕКОВА,
С.Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
бөлім меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы**

ҰРПАҚҚА ТАЗА КҮЙІНДЕ ҚАЛДЫРУЫМЫЗ КЕРЕК

*«Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп,
ол туралы ойламаған жігітті қайтіп азамат дейміз?»*

*Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат
бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпақ емес»*

Қаныш Сәтбаев.

5 маусым – Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні аясында С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері «Туған өлке экологиясы» атты экологиялық сағатынөткізді.

Мақсаты: жастарды Отанын, елін сүюге, табиғат әсемдігін көре білуге, оны аялауға, қорғауға тәрбиелеу. Экологиялық білімділік, ойлау қабілетін, сауатты сөйлеу дағдысын дамыту.

Экологиялық сағатына №34 орта мектептің лагерь оқушылары мен ұстаздары және кітапхана оқырмандары қатысты. Кітапхана қызметкері Кенжебаева Радна табиғаттың маңыздылығын және табиғатты қорғаудың жолдарын, оның бізге қаншалықты қажет екенін толық түсіндіріп берді.

Табиғат – тіршілік көзі. Табиғатты қорғау – табиғатты аялау әр адамның міндеті. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін табиғат – кең сарай, мәңгі

тозбас құтты қоныс болады. Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы табиғат-анаға қарыздар. Адам баласы табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Қазіргі таңда табиғатты қорғаудың түрлі жолдары қарастырылған. Бірінші жолы – түрлі заңдар шығарып, оны жүзеге асыру. Саябақтар, қорықтар санын молайту. Әрі «Қызыл кітапқа» енген өсімдік, жануар түрлерін қорғап, көбейту. Табиғатты тиімді және ұқыпты пайдалану. «Жасыл ел» ұйымының жұмысын нығайту, жандандыру. Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулық пен әсемдікті талай ақын жырға қосып, небір әншілер ән арнаған. Осы орайда шараға қатысушы Қобылан Асыл, Сағындықова Ділناз, Жұмаева Альфия, Биарыстанов Дастан, Алимова Азиза, Жангелдіұлы Жан табиғат көркемдігін жырға қосқан ақындардың өлең-шумақтарын мәнерлеп оқыды. Сонымен қатар табиғат жайлы өнегелі сөздер, мақал-мәтелдер айтылды. «Табиғат байлығы – халық байлығы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітапханашы Шамеденова Бибігүл библиографиялық шолу жасады. Оқушылар табиғат, экология жөнінде жазылған кітаптармен танысып, «Табиғатты қорғау – адамзаттың парызы» атты слайдты тамашалады.

Тұңғыш елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Жазушылар одағының «Әдеби өлкетануды дамыту» жобасы бойынша Ақтөбе облысына келген ақын-жазушылар Байбота Қошым-Ноғай мен Жанат Әскербек Ақтөбе өңірінің табиғаты туралы кітаптармен танысып, өз ой-пікірлерін білдірді.

Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев айтқандай, елім, жерім деген ел азаматы өз туған жерінің тағдырына немқұрайлы қарамай, қоршаған ортаның тазалығына атсалысуы тиіс. Атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, анамыздай аялап келер ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек.

Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.08. 2019 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №8, 2019 ж., 144 бет, Алматы.